AIQYN

www.aikyn.kz
e-mail: aikyn.kz.gazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti

ГАЗЕТКЕ ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

БЕЙСЕНБІ №125 (4810)
5.11.2026

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

АҚОРДА

БІЛІМ МЕН ТЕХНОЛОГИЯ ТОҒЫСҚАН БЕЛЕС



Мемлекет басшысы Network School негізін қалаушы Баладжи Шринивасанды қабылдады. Қасым-Жомарт Тоқаев Network School жобасының Қазақстандағы технологиялық экожүйенің қалыптасуына қосқан үлесін жоғары бағалап, ынтымақтастықты нығайтуға дайын екенін жеткізді.

Президент еліміз технологияны терең меңгерген көшбасшылардың жаңа буынын тәрбиелеу үшін білім, ғылым және цифрлық құзыретке белсенді инвестиция салып жатқанына назар аударды.

Осы орайда Мемлекет басшысы жобаның негізін қалаушыға жуырдағы Жолдауында жарияланған «Халықтық құрылыс» бастамасы келешек ұрпаққа маңызды әрі шын мәнінде салмақты мұра қалдыруға мүмкіндік беретінін айтты. Бағдарлама аясында жаппай әлеуметтік инфрақұрылым нысандарын, соның ішінде мектептер, университеттер мен медицина мекемелерін салу жоспарланып отыр.

Қасым-Жомарт Тоқаев Астанада Network School Kazakhstan желісінің іске қосылуын және жобаның Қазақстан университеттерімен, стартаптарымен, сондай-ақ технологиялық кәсіпорындарымен серіктестікті кеңейту ниетін құптады.

Сонымен қатар Президент Astana AI Film фестиваліне инвестициялық тұрғыдан қолдау көрсеткені үшін Баладжи Шринивасанға ризашылығын білдірді.

Network School негізін қалаушы Қазақстанда озық технологиялық шешімдер мен экономиканың дәстүрлі салалары үйлесім тауып отырғанын айрықша атап өтті. Баладжи Шринивасан Network School Kazakhstan жобасының басым бағыттарын таныстырды. Онда цифрлық шешімдерді ілгерілету, адам капиталын дамыту және инновациялық әзірлемелерді енгізуге қолайлы жағдай жасау көзделген.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы еліміздегі жасанды инеллект пен инновацияны дамытуға қосқан үлесі үшін Баладжи Шринивасанды II дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады.

ҮЙДЕГІ ГАЗ – ҮЛКЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК



QazaqGaz Aimaq АҚ-ның ақпаратына жүгінсек, өткен айда бүкіл Қазақстан бойынша 6 мыңнан астам маман күндіз-түні жұмылдырылып, шамамен 77 мың шақырым газ тарату желісі қысқы жұмысқа әзір етілген. Жұмыс барысында газ реттеу пункттері мен шкафтарына техникалық қызмет көрсетіліп, жөндеу жүргізілген. Мұның сыртында газ құбырлары жаппай аспаптық тексеруден өткізіліпті. Жалпы дайындық жұмыстары 30-ға жуық техникалық іс-шараны қамтыды.

→ 4

ЖЕЛІ ЖӘНЕ ЖЕТКІНШЕК

Жасты тексеру һәм талаптың орындалуын қадағалау міндеті платформалардың өзіне жүктелмек. Шектеуге Instagram, TikTok, Facebook, VK, Threads сияқты бұқаралық контент тарататын классикалық әлеуметтік желілер ғана ілігеді. WhatsApp, Telegram сынды хабар алмасатын мессенджерлер заңда қамтылмайды. Заң жобасы ресми жарияланған соң онлайн-платформаларға өздерінің техникалық алгоритмдерін бейімдеу үшін 6 айдан 1 жылға дейін өтпелі кезең беру көзделген.

→ 5



ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ДИАЛОГ АПТАСЫ

Астанада 5-7 қараша күндері жоғары деңгейлі халықаралық кездесулер мен маңызды іс-шаралар өтеді. Бұл туралы ҚР Президентінің кеңесшісі – Баспасөз хатшысы Айбек Смадияров өзінің Telegram-арнасында жазды.

5-6 қараша күндері Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың шақыруымен Қазақстанға Иордан Хашимит Корольдігінің Королі II Абдалла бен әл-Хусейн ресми сапармен келеді.

Жоғары деңгейдегі келіссөздер барысында сауда-экономикалық, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық салалардағы екіжақты ынтымақтастықты кеңейту перспективасы талқыланады.

5-7 қараша күндері Мемлекет басшысының шақыруымен елімізге Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон ресми сапармен келеді.

Екі елдің көшбасшылары стратегиялық әріптестік пен одақтастық қатынастарды нығайту мәселелерін қарастырады.

6 қараша күні Астанада Ақаба процесі саммиті өтеді. Жиынға бірқатар мемлекеттің басшылары қатысады.

ӨНЕРДІҢ ЖАҢА ӨРІСІ

Францияның жетекші цифрлық студиялары әзірлеген 13 иммерсивті туынды VR және AR технологиялары арқылы ұсынылған. Көрермен енді картинаны сырттай тамашалап қана қоймай, виртуалды кеңістікке еніп, өнер туындысының ортасында жүргендей әсер алады. Фестиваль аясында Нотр-Дам соборының көрінісін тамашалап, Клод Моненің «Су лалагүлдері» әлеміне енуге, әйгілі «Мона Лиза» туындысын өзгеше қырынан сезінуге мүмкіндік бар.



→ 8

ДРОППЕРЛІК – ҚАРА ДЕЛДАЛДЫҚ



Алаяқтарға арбалған азаматтардың ақшасы алдымен осы дропперлердің банк шоттарына түседі. Кейін ол қаражат келесі делдалға, одан әрі тағы басқа шоттарға аударылып, ақыр соңында қылмыстық схеманы ұйымдастырушылардың қолына жетеді. Мұндай делдалдардың қатары неғұрлым көп болса, ақшаның ізін кесіп, қылмыстың нақты ұйымдастырушыларын анықтау да соғұрлым қиындай түседі.

→ 5

САЯСАТ

5 ҚАРАША 2026 | БЕЙСЕНБІ

ҚҰРЫЛТАЙ

ЗАҢ МЕН ЗАМАН ҮНДЕСТІГІ

Құрылтай Спикері Айбек Дәдебайдың төрағалығымен өткен Құрылтай отырысында депутаттар ветеринария мәселелері бойынша заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады. Сондай-ақ Азия даму банкімен жасалған қарыз туралы келісімді ратификациялады. Бұдан бөлек, экономиканың нақты секторларын цифрлық трансформациялауға қатысты Құрылтай тыңдауын өткізу барысы қаралды.



Ветеринария мәселелері бойынша заң жобасы депутаттардың бастамасымен әзірленген. Құжат ветеринария мамандарын әлеуметтік жағынан қолдауды күшейтуге, ветеринариялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігін арттыруға бағытталған. Заң жобасының негізгі нормаларын Аграрлық мәселелер, экология және табиғи ресурстар комитетінің төрағасы Серік Егізбаев таныстырды.

– Заң жобасында ветеринария мамандарын әлеуметтік және кәсіби тұрғыдан қолдау шараларын кеңейту көзделген. Атап айтқанда, оларға жыл сайын ақылы еңбек демалысын беру және сауықтыруға арналған жәрдемақы төлеу қарастырылған. Оның мөлшері кемінде екі айлық жалақыға тең болады. Сонымен қатар негізгі жұмыс орны бойынша ветеринария саласындағы ғылыми дәрежесі үшін ай сайын қосымша ақы төленеді. Ғылым кандидатына – 17 АЕК, ғылым докторына 34 АЕК көлемінде үстемеақы беріледі, – деді депутат.

Бұдан бөлек, ветеринар дәрігерлердің құқықтары мен кәсіби мүдделерін қорғау үшін ветеринариялық палата түріндегі қоғамдық ұйым құру ұсынылып отыр.

Серік Егізбаевтың айтуынша, заң жобасында ветеринариялық препараттардың айналымын бақылау үшін Еуразиялық экономикалық одақ талаптарына сай фармацевтикалық инспекция құру да көзделген. Жаңа құрылым ветеринариялық препараттардың қауіпсіздігіне бақылау жүргізіп, оларды өндіретін кәсіпорындарға талаптарға сай сертификат беретін болады. Сондай-ақ ветеринария саласында бірыңғай цифрлық жүйе құру және оның жұмысын ұйымдастыруға қатысты негізгі бағыттар айқындалады. Жүйеде ветеринария саласындағы ұйымдар мен нысандар, жүргізілген ветеринариялық іс-шаралар, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалау және ветеринариялық қызметтің басқа да бағыттары туралы мәліметтер жинақталады.

Жұмыс тобының жетекшісі, депутат Бота Елеусізованың айтуынша, депутаттар ауыл шаруашылығы жануарларын союға рұқсат етілген орындардың қатарынан сою алаңдарын алып тастауды да ұсынып отыр. Яғни қоғамдық тамақтану орындарына арналған мал тек арнайы жабдықталған нысандарда сойылуға тиіс. Сонымен қатар ветеринариялық сараптамадан және сою алдындағы тексеруден өтпеген ет өнімдерін қоғамдық тамақтану орындарында пайдалануға шектеу қойылады. Заң жобасында басқа да бірқатар норма қамтылған.

Бұған қоса, ветеринария саласындағы жұмыс істейтін ұйымдарға қойылатын талаптар күшейтіледі. Атап айтқанда, шаруа қожалықтарының штатында ветеринар дәрігер болуы немесе олар осындай маманды жұмысқа қабылдауы міндеттеледі. Сондай-ақ ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізуге арналған лицензиялар қызмет түріне қарай (ет, сүт, балық, жұмыртқа) нақтыланады.

Заң жобасын талқылау барысында депутаттар баяндамашыға және жауапты мемлекеттік органдардың өкілдеріне бірқатар сұрақ қойды. Атап айтқанда, ветеринар дәрігерлерге берілетін әлеуметтік қолдаудың орындалуын бақылау, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге жаңа талаптар қоюдың себебі және фермерлердің оны орындауға дайындығы, фармацевтикалық инспекция құру, ветеринариялық препараттардың айналымын бақылау және саланы цифрландыру мәселелері көтерілді.

Талқылау нәтижесінде депутаттар заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады. Енді құжатты одан әрі жетілдіру кезінде депутаттар айтқан ұсыныстар мен пікірлер ескерілетін болады.

Отырыс барысында Азия даму банкімен жасалған Қарыз туралы келісімді (Қарапайым операциялар) (Бюджеттік басқару және қаржы секторын реформалау бағдарламасы – 2-кіші бағдарлама) ратификациялау жөніндегі заң екі оқылымда қабылданды. Құжатты депутаттарға Қаржы министрі Мәди Такиев таныстырды.

Келісімге сәйкес, Азия даму банкінен 3,4 млрд қытай юані (227,4 млрд теңге) көлемінде қарыз тартылады. Қарызды өтеу мерзімі – 15 жыл, оның ішінде үш жыл жеңілдік кезеңі қарастырылған. Жылдық сыйақы мөлшерлемесі – 1,69 пайыз.

Құрылтай депутаты, жұмыс тобының жетекшісі Қайрат Айтуғанов қарыз қаражаты ең алдымен әлеуметтік салаға, көлік инфрақұрылымына, өнеркәсіпке, білім беруге және басқа да басым бағыттарға жұмсалатынын нақтылады.

Талқылау барысында депутаттар Азия даму банкінен алынған қаражат қандай жобаларға жұмсалатынын сұрады. Сондай-ақ жаңа қарыз алу мемлекеттің жалпы берешегіне және бюджетке қаншалықты салмақ түсіретінін нақтылады.

Сонымен қатар депутаттар «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» Қазақстан Республикасының заңына Мемлекет басшысы ұсынған редакциядағы өзгерістерді қолдады.

Отырыста биылғы 11 желтоқсанда «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» аясында «Экономиканың нақты секторларын цифрлық трансформациялау» тақырыбында Құрылтай тыңдауын өткізу мәселесі де қаралды.

Цифрландыру, инновациялар және ғылым комитетінің төрағасы Дархан Ахмедиевтің айтуынша, тыңдауға салалық министрліктер мен бірқатар орталық мемлекеттік органның басшылары, салалық қауымдастықтар мен бизнес өкілдері, сондай-ақ тәуелсіз сарапшылар қатысады. Жиында өнеркәсіп, құрылыс, көлік, энергетика және ауыл шаруашылығы салаларындағы цифрландырудың қазіргі жағдайы, өзекті мәселелері мен оларды шешу жолдары талқыланады.

Құрылтай Регламентінің 211-тармағына сәйкес, тыңдауды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы комиссия құрылды. Оның құрамына барлық тұрақты комитеттер мен саяси партиялар фракцияларының атынан 19 депутат енді. Комиссия төрағасы болып Дархан Ахмедиев сайланды.

Отырыс барысында Айдос Сарым депутаттар атынан Мемлекет басшысының «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Жолдауын іске асыру мәселелері бойынша үндеу жасады. Депутаттың айтуынша, Жолдауда көтерілген маңызды бастамалар мен нақты міндеттер қоғам тарапынан кең қолдау тапқан.

– Биылғы Жолдауда Мемлекет басшысы алдағы жоспарларымыз бен іс-қимылымыздың негізгі бағытын айқындап берді. Алдымызға тарихи міндет қойылды. Ол – бүкіл экономикалық әлеуетті жұмылдырып, инфрақұрылымды түбегейлі жаңартуға, әлеуметтік саланы сапалы дамытуға және қазақстандықтардың тұрмыс деңгейін көтеруге жұмылдыру. сапалы дамыту және қазақстандықтардың өмір сүру деңгейін арттыру. Бұл игі бастамалардың негізінде адам, оның құқығы мен қадір-қасиеті және ертеңгі күнге деген сенімі тұр, – деп атап өтті депутат.

Айдос Сарым Құрылтай Мемлекет басшысы айқындаған ұлттық жаңғыру бағдарламасын толық қолдайтынын және оны заң шығару, сараптамалық әрі қоғамдық деңгейде ілгерілету үшін бар күш-жігерін жұмсайтынын жеткізді. Сондай-ақ ол барша азаматты ел игілігі жолында бірігіп, алға қойылған міндеттерді жүзеге асыруға үлес қосуға шақырды.

Құрылтай Спикері Айбек Дәдебай бұл үндеу барлық фракция депутаттарының ортақ ұстанымын білдіретінін атап өтіп, Мемлекет басшысы айқындаған басым бағыттарды қолдауға шақырды.

Бұдан бөлек, депутаттар әлеуметтік-экономикалық мәселелер бойынша мемлекеттік органдарға 12 депутаттық сауал жолдады. Олардың толық мәтіні Құрылтайдың ресми сайты мен Telegram-арнасында жарияланған.

Отырыс соңында ветеринария мәселелері жөніндегі заң жобасы мен Азия даму банкімен жасалған қарыз туралы келісімге қатысты БАҚ өкілдеріне арналған брифинг өтті. Журналистердің сұрақтарына Қаржы министрі Мәди Такиев, Ауыл шаруашылығы вице-министрі Ермек Кенжеханұлы, сондай-ақ Құрылтай депутаттары Серік Егізбаев, Бота Елеусізова және Қайрат Айтуғанов жауап берді.

ЕҢ АЛДЫМЕН ЕЛ ҚАМЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Жолдауында айқындалған ел дамуының басым бағыттары бұқараның назарын аударып отыр. Оған Құрылтай депутаттарының бірқатар өңірлерде өткізген кездесулері барысында көз жеткіздік.



Атап айтқанда, Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінде Құрылтайдың Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы Асхат Аймағамбетов, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Бахтияр Жазықпаев, Қазақстан Халық Кеңесінің мүшелері Бекзат Алтынбеков пен Әйгерім Исбекова және белсенді азаматтар білім саласының өкілдері және студенттермен кездесті.

Өз сөзінде Асхат Аймағамбетов Мемлекет басшысының Жолдауы Қазақстан дамуының жаңа кезеңіндегі стратегиялық басымдықтарды айқындайтынын атап өтті.

– Соңғы жылдардағы ауқымды саяси реформалар, жаңа Конституцияның қабылдануы және мемлекеттік басқару жүйесінің жаңғыруы одан әрі дамудың берік институционалдық негізін қалыптастырды. Ендігі басты міндет – бұл өзгерістерді әрбір азамат сезіне алатын нақты нәтижелермен толықтыру, – деді депутат.

Кездесу барысында инфрақұрылымды дамыту мәселелері де кеңінен талқыланды. Атап айтқанда, жол салу және жөндеу, инженерлік желілерді, әлеуметтік және өзге де нысандарды жаңғыртуға бағытталған «Халықтық құрылыс» бағдарламасының маңыздылығы атап өтілді. Сонымен қатар жобаларды сапалы әрі уақытылы жүзеге асыру, бюджет қаражатының тиімді әрі ашық жұмсалуын қамтамасыз ету, қоғамдық бақылау тетіктерін жетілдіру мәселелеріне назар аударылды.

Сонымен қатар олар жұмыс сапары аясында Maker KLMZ ЖШС ұжымымен кездесті.

Ал Талдықорған қаласында Құрылтай депутаты Екатерина Смолякова, Қазақстан Халық Кеңесінің мүшесі Қайрат Кереев, Ауыл шаруашылығы вице-министрі Назгүл Хатепова және Қаржы вице-министрі Дәурен Темірбеков Жетісу облысының жұртшылығымен кездесіп, жоспарланған шараларды түсіндірді.

Екатерина Смолякова Жалпыхалықтық ауқымды құрылыс жылы тек жаңа ғимараттар салумен шектелмейтінін, инфрақұрылымды жаңғыртуды және халыққа қажетті әлеуметтік нысандарды салуды қамтитынын атап өтті.

– Өңірлерге жасаған сапарлар барысында біз бұл қажеттіліктерге өзіміз куә болып, тұрғындардан тікелей естіп жүрміз. Кей жерлерде ерекше қажеттілігі бар балаларға арналған оңалту және түзету орталықтары қажет болса, енді бір елді мекендерде балалар спортпен шұғылданатын жер жоқ. Сондықтан әрбір жаңа нысан нақты мақсатпен салынуы керек. Яғни тиісті көмек қолжетімді болып, балалардың жан-жақты дамуына мүмкіндік жасалуы, барлығы халықтың күнделікті өмір сапасын жақсартуға бағытталуы қажет, – деді депутат.

Осы күні Құрылтай депутаты Наурыз Сайлаубай мен Қазақстан Халық кеңесінің мүшесі Руфина Усанова Талдықорған қаласындағы «Қайнар АКБ» ЖШС ұжымымен кездесті.

Кездесу барысында Құрылтай депутаты Наурыз Сайлаубай өндіріс орындарының жұмыс орындарын құрудағы, халықты тұрақты табыспен қамтамасыз етудегі және бюджет түсімдерін арттырудағы рөліне тоқталды.

– «Қайнар АКБ» – өңіріміздің мақтанышы. Өзіміздің туған жерімізде шығарылған өнімнің шетелде сұранысқа ие болып отырғаны қуантады. Өндіріс көлемінің артуы жаңа жұмыс орындарының ашылуына, азаматтардың табысы мен салық түсімінің ұлғаюына ықпал етуде. Сондықтан осындай кәсіпорындардың дамуының ел экономикасы үшін маңызы зор, – деді ол.

Қазақстан Халық Кеңесінің мүшесі Руфина Усанова зауыт жұмысшыларына қажырлы еңбегі үшін алғыс айтты.

– Мұндағы 1200 еңбеккердің 45 пайызы әйелдер. Осындай ауыр жұмысты атқарып жүрген нәзік жандыларға ерекше ризашылығымды білдіремін. Баршаңызға еселі еңбектеріңіз үшін рақмет, – деді ол.

Талқылау барысында қатысушылар Жолдаудағы басым міндеттерді жүзеге асыру жолдарын қарастырды. Атап айтқанда, облыстың көлік-логистика әлеуетін арттыру, Талдықорғандағы қалалық инфрақұрылымды дамыту мәселелері қозғалды. Сол сияқты әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту міндеттері, жол, су, газ және электрмен жабдықтау мәселелерін шешудің маңызы қамтылды. Сондай-ақ кәсіпорын қызметкерлерінің тұрғын үй мәселесі де көтерілді.

Наурыз Сайлаубай кәсіпорынға «Отбасы банкпен» бірлесіп, қызметкерлердің табысы мен еңбек өтілін ескеретін арнайы ипотекалық бағдарлама әзірлеу мүмкіндігін қарастыруды ұсынды.

Құрылтай депутаттары Айсұлу Сүлейменова мен Александр Данилов, Қазақстан Халық Кеңесінің мүшелері Виталий Тварионас, Увайс Джанаев, Виталий Хмелевский және Ұлттық экономика вице-министрі Ерлан Сағынаев Саран қаласындағы Tengri Tyres шина зауытының ұжымымен кездесті.

Жиында экономиканың нақты секторын дамыту, инвестиция тарту, өнеркәсіп салаларын әртараптандыру және отандық өндірісті заманауи технологиялармен жаңғырту мәселелеріне баса назар аударылды.

Құрылтай депутаты Александр Данилов Мемлекет басшысының халықтың әл-ауқатын арттыруға және экономиканы тұрақты дамытуға бағытталған бастамаларының маңызын атап өтті.

– Президент Жолдауы еліміздің алдағы даму бағытын айқындайды. Онда экономиканы нығайтуға, заманауи технологияларды енгізуге және өнеркәсіпті дамытуға ерекше көңіл бөлінген. Отандық өндірісті өркендету, жаңа жұмыс орындарын ашу және еңбек ұжымдарын қолдау – Қазақстан экономикасының тұрақтылығын қамтамасыз ететін негізгі тіректер. Әрбір кәсіпорынның артында адамдардың кәсіби біліктілігі, жауапкершілігі мен күнделікті еңбегі тұр. Сондықтан өндірісті дамытуға мүмкіндік жасап, әр адамның еңбегіне лайықты баға берілуі маңызды, – деді Александр Данилов.

Кездесуде өнеркәсіпті дамыту үшін білікті мамандар даярлау және олардың кәсіби білімін үнемі жетілдіру қажеттігі де айтылды.

Құрылтай депутаттары, Қазақстан Халық Кеңесінің мүшелері және Үкімет өкілдері Qarmet металлургиялық комбинатының еңбек ұжымымен кездесу өткізді.

Алқалы жиынға Құрылтай депутаты, Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы Үнзила Шапақ, Құрылтай депутаты Вадим Басин, Қазақстан Халық Кеңесінің мүшелері Гаухар Акижанова мен Александр Куприенко, Энергетика вице-министрі Бақытжан Ілияс, Өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі Иран Шархан, облыс әкімінің орынбасары Шыңғыс Сүйінбаев, сондай-ақ Қарағанды облысының Қоғамдық кеңесінің төрағасы Серікжан Байбосынов қатысты.

Металлургия кәсіпорны үшін Жолдауда көтерілген мәселелер ерекше өзекті. Бұл салада көпжылдық тәжірибесі бар Құрылтай депутаты Вадим Басин өз сөзінде Мемлекет басшысы ұсынған реформалар кәсіпорындарды дамыту, өндірістік қуаттарды жаңарту және тұрақты экономикалық өсу үшін жағдай жасау арқылы іске асырылатынын айтты.

– Өнеркәсіп саласындағы қайта құруларды дәйекті жаңғырту, инновациялық технологияларды енгізу және білікті кадрлар даярлау арқылы ғана жүзеге асыруға болады. Кәсіпорындардың жаңа экономикалық жағдайларға қаншалықты жылдам бейімделуі олардың бәсекеге қабілеттілігі мен отандық өндірістің болашағын айқындайды, – деді Вадим Басин.

Кездесуге қатысушылар өңірлерде мемлекеттік бағдарламалардың орындалуына тиімді мониторинг жасап отыру үшін депутаттық корпус пен экономиканың нақты секторының өкілдері арасындағы тікелей байланыс арнасын сақтаудың маңызды екенін атап өтті. Айтылған ұсыныстар Құрылтайдың сараптамалық және заң шығару қызметі шеңберінде одан әрі жұмыс істеу үшін жүйеленетін болады.

ЖАҢА ЖОСПАРЛАР ДОКТРИНАСЫ

Құрылтайдың жалпы отырысында депутат, «Әділет» партиясы фракциясының мүшесі Айдос Сарым Мемлекет басшысының Жолдауына байланысты Құрылтайдың үндеуін оқып берді. Үндеуде жоғарғы заң шығарушы орган депутаттары барша азаматтарды, тұтас қоғамды болашақ үшін, мемлекетіміздің өркендеуі үшін бірігуге, игі істерге тізе қосып, атсалысуға шақырады.



Үндеуде ел азаматтары Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Қазақстан халқына Жолдауын ерекше ықыласпен қабылдағаны айтылған. Сонымен қатар Президент Жолдауында қамтылған маңызды игі бастамалар мен нақты мақсат-міндеттер қоғам тарапынан үлкен қолдау тапқаны тілге тиек етілді.

«Шын мәнінде, Мемлекет басшысының жаңа Конституция қабылданғаннан кейінгі алғашқы Жолдауы ел тарихының жаңа, сапалы кезеңіне жол ашады және туған Отанымыздың алдағы он жылдықтардағы даму бағытын айқындайды.

Оның алғышарттары белгілі. Қазақстан әлемдегі ахуалдың күрделілігіне, болжамсыздығына қарамастан, өткен жеті жылдың ішінде түбегейлі реформаларды батыл жүзеге асырды.

Осы уақыт аралығында мемлекеттік басқарудың архитектурасы ғана емес, тұтас саяси жүйе, қоғамдық этика мен сана өзгерді. Азаматтарымыз мемлекет ісіне белсенді түрде араласып, мемлекеттік шешімдерге тікелей ықпал ете бастады. Жаңа қоғамдық келісім әлеуметтік-экономикалық өсімнің мызғымас іргетасы болып отыр.

Президент Тоқаевтың стратегиялық көрегендігі Қазақстанды халықаралық аренада беделді орта держава және жаһандық диалогтың мойындалған орталығы деңгейіне көтерді.

Табанды, ымырасыз өзгерістер логикасы Әділетті, Қуатты, Таза және Прогрессивті Қазақстанды құрудың негізіне айналды.

Осының бәрі ең алдымен халқымыздың қалтқысыз таңдауының, береке-бірлігі мен ұлттық рухының беріктігінің арқасы деп білеміз.

Мемлекет басшысының биылғы Жолдауы – жаңа жоспарларымыз бен іс-қимылымыздың доктринасы.

Жолдауда алдымызға тарихи міндет қойылып отыр. Ол – бүкіл экономикалық капиталды инфрақұрылымды түбегейлі жаңартуға, әлеуметтік саланы сапалы дамытуға және қазақстандықтардың тұрмыс деңгейін көтеруге жұмылдыру.

Игі бастаманың өзегінде адам мен оның құқығы, қадір-қасиеті және ертеңгі күнге деген сенімі тұр», – делінген Құрылтай үндеуінде.

Сондай-ақ Президент 2027 жылды «Жалпыхалықтық ауқымды құрылыс жылы» деп жариялағанына, осы бастаманың аясында бүкіл еліміз бойынша инженерлік, жол-көлік, медициналық және мәдени нысандар бой көтеретініне де назар аударылды.

«Мемлекет басшысы Жолдауында еліміздің индустриялық-технологиялық тұрғыда жедел дамуына қажетті тетіктер әзірлеу қажеттігіне баса назар аударды. Алдымызда энергетикалық дербестік пен транзиттік тасымалды арттыру, ауыл шаруашылығын жандандырып, елімізді Еуразияның көлік-логистикалық орталығына айналдыру сияқты кешенді мақсаттар бар.

Президент цифрландыру, жасанды интеллектіні дамыту бағытында нақты шаралар бағдарламасын қабылдауды тапсырды. Технологиялық жаңғыру еңбек өнімділігін арттырып, жаңа жұмыс орындарының ашылуына және халықтың табысын өсіруге тікелей әсер етеді.

Мемлекет басшысы өз Жолдауында әлеуметтік саясаттың ең өзекті мәселелерін де толықтай қамтыды.

Кәсіпкерлікті қолдау, инвестиция тарту, салық және қаржы жүйесін жетілдіру мәселелеріне ерекше назар аударылды. Инфляцияны тежеу, әлеуметтік көмекті шын мұқтаж азаматтарға бағыттау, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау мен инклюзивті білім беруді дамыту бастамалары азаматтардың көңілінен шығып отыр.

Қазақстан Республикасының Құрылтайы Президент айқындаған ұлттық жаңғыру бағдарламасын толық қолдайды және оны заңнамалық, сараптамалық және қоғамдық тұрғыда ілгерілетуге бар күш-жігерін жұмылдырады», – делінген Үндеуде.

Сонымен бірге барша қазақстандықтарды елдің өркендеуі жолында бірігуге шақырды.

«Президенттің Жолдауы халқымыздың талап-тілегімен толық үйлесім тауып отыр.

Ендігі міндетіміз – осы іс-шараларды ел болып еңсеру.

Ұлы мақсаттар қай кезде де ұлы бірлікті талап етеді.

Мемлекет басшысы айтқандай, «Дәл осындай жауапты кезеңдерде ұлттың мінезі айқын көрінеді. Енжарлық пен бейқамдық танытқан ел тарихта жеңімпаз ұлт болмайтыны анық».

Жеңімпаз ұлттың, жасампаз ұлттың күші – береке-бірлікте!

Сондықтан осындай тарихи сәтте біз әр азаматты, тұтас қоғамды болашақ үшін, мемлекетіміздің өркендеуі үшін бірігуге, игі істерге тізе қосып, атсалысуға шақырамыз!» – деп жазылған Құрылтай үнеуінде.

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ 2026 ЖАҢА ТАРИХИ КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨЗЕКТІ МІНДЕТТЕРІ
ӘDILET

5 ҚАРАША 2026 | БЕЙСЕНБІ

БАНКТЕРДІҢ БОС ҚАРАЖАТЫ БИЗНЕСКЕ КЕРЕК

Банктер қаражатын нақты секторға бағыттау үшін не істеу керек? Ірі жобаларға жеке инвестицияларды қалай тартуға болады? Бизнес үшін ұзақмерзімді несие алуды қалай жеңілдете аламыз? Бұл мәселелер «Әділет» партиясы жанындағы Іскерлік кеңестің Қаржы және сақтандыру жөніндегі алғашқы салалық кеңес отырысында талқыланды. Жиынға Құрылтай депутаттары, мемлекеттік органдардың, банктердің, даму институттарының өкілдері мен сарапшылар қатысты.



Талқылауға Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында жүктеген міндеттері негіз болды. Мемлекет басшысы бизнеске несие беру көлемін ұлғайтып, банктердің экономикадағы рөлін күшейтуді тапсырған болатын.

– Банктер бизнестің инвестициялық жобаларын қаржыландыруға барынша белсенді қатысуы керек. Бұл – олардың негізгі миссиясы, – деген еді Президент.

«Әділет» партиясы төрағасының орынбасары Эльдар Жұмағазиев кеңес нақты шешімдер әзірлейтін алаңға айналуға тиіс екенін айтты.

– Біздің ортақ міндетіміз – банктердің қаржы ресурстарын зауыттар салуға, инфрақұрылымды жаңғыртуға, отандық кәсіпкерлікті қолдауға және жаңа жұмыс орындарын ашуға бағытталған ұзақмерзімді инвестицияларға айналдыру. Кеңес ұсынған барлық сындарлы әрі жан-жақты есептелген бастамалар партия тарапынан қолдау тауып, заңнамалық деңгейде мақұлданады, – деді ол.

Қаржы секторы кеңесінің төрағасы Елена Бахмутова қазақстандық банктерде бос қаражат жеткілікті екенін атап өтті. Ендігі міндет – корпоративтік несие беруді банктер үшін тиімді, ал кәсіпорындар үшін қолжетімді ететін тетіктерді әзірлеу.

– Қазақстанның банк жүйесі тұрақты әрі банктерде пайдалануға болатын қаражат жеткілікті. Енді ұзақ мерзімге несие беруді тәуекел тұрғысынан банктер үшін тартымды, ал нақты сектор кәсіпорындары үшін қолжетімді ететін тетіктерді әзірлеуіміз қажет, – деп түсіндірді ол.

Мұндай жұмыстың нақты мысалдары да бар. «Бәйтерек» холдингінің басқарушы директоры Анна Лукина қазір жалпы құны 18,5 трлн теңгеге жуық 25 жоба пысықталып жатқанын хабарлады. Олардың қатарында қуаты 1 ГВт болатын жел электр стансасының құрылысы және Көкшетаудағы көпбейінді аурухана жобасы бар. Бұл жобаларды қаржыландырудың 41 пайызы коммерциялық банктер мен халықаралық институттардың қаражаты есебінен жүзеге асырылып жатыр.

Экономист Асқар Қисықов мемлекеттік қолдау жеке капиталды алмастырмай, онымен қатар жұмыс істеу керегін айтты.

– Мемлекеттік қаражат жеке капиталды ығыстырмай, керісінше, онымен бірлесе жұмыс істеуі маңызды. Мұның бір тетігі – синдикатталған несие беру. Ол мемлекет, банктер мен инвесторлардың ресурстарын біріктіріп, ірі жобаларды қаржыландыруға мүмкіндік береді, – деді сарапшы.

Оның айтуынша, инфляцияның төмендеуіне қарай нарықтық кредиттер де бизнес үшін қолжетімді бола түседі.

Кәсіпкерлерді қолдау мақсатында «Даму» қоры 85 қызмет түрін қамтитын «Өрлеу» бағдарламасын жүзеге асырып келеді. Қор төрағасы Фархат Сәрсекееевтің айтуынша, кәсіпкерлер 10 жылға дейінгі мерзімге жылдық 12,6 пайызбен 7 млрд теңгеге дейін несие ала алады. Бұл ретте қаржының 60 пайызы серіктес банктер арқылы беріледі. Орта бизнеске несие беруді жандандыру үшін Сәрсекеев депутаттарды 2027 жылға қосымша 171 млрд теңге бөлу бастамасын қолдауға шақырды.

Halyk Bank басқарма төрағасының орынбасары Дәурен Сартаев кәсіпорындардың ұзақмерзімді кредит алуға не себепті құлықсыз екенін түсіндірді. Оның айтуынша, негізгі себептер – қаржы құны жоғары және рәсімдеу талаптары күрделі. Соның салдарынан кәсіпкерлер көбіне бір жылға дейінгі қысқамерзімді қарыздарды таңдауға мәжбүр. Бұл мәселені шешу үшін қарыз алушылардың төлем қабілетін жасанды интеллект көмегімен жедел бағалау жүйесін енгізу және лизингті дамыту ұсынылды. Мұндай тетіктер кәсіпорындарға техникасы мен өндірістік қуаттарын жаңартуды жеңілдетеді.

Кездесу қорытындысы бойынша қатысушылар ұзақмерзімді және синдикатталған несиелендіруді кеңейту, лизингті дамыту, сондай-ақ шағын және орта бизнес үшін қаржының қолжетімділігін арттыру бағыттарын негізгі басымдық ретінде белгіледі. Бұл бастамалар Ұлттық банкпен, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен және Үкіметпен бірлесіп, жан-жақты пысықталады. Әсіресе заңнамалық өзгерістерді қажет ететін ұсыныстарға басымдық беріледі.

Айта кетейік, салалық кеңестің жұмысы «Әділет» партиясының 2026-2031 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасын іске асыруға бағытталған. Бағдарламаның төртінші мақсаты – «Орта бизнес – орта тап». Оның аясында ел экономикасындағы орта кәсіпорындардың үлесін 20 пайызға дейін арттыру міндеті қойылған.



ЖОЛДАУ ЖАСТАР ОРТАСЫНДА ТАЛҚЫЛАНДЫ

Президенттің биылғы Жолдауында айқындалған білім сапасын арттыру, еңбек нарығын дамыту, цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін тиімді пайдалану және өзге де міндеттер «Әділет» партиясының жастар қанаты өткізген Bir Tolqynda диалог алаңында жан-жақты талқыланды. Басқосуға Құрылтай депутаттары, партия өкілдері және 150-ге жуық жас белсенді қатысты.

Жолдауда цифрландыру мен жасанды интеллектіні дамытуға ерекше мән берілген. Осы бағытта «Әділет» партиясы жастардың технологиялық сауаттылығын арттыруға ден қойып отыр. Партия төрағасының орынбасары Ержан Жылқыбаев «Жасампаз AI» жобасын іске асыру көзделгенін атап өтті. Ол кәсіби бағдар беруге, еңбек нарығында сұранысқа ие дағдыларды меңгертуге және жұмысқа орналасуына қолдау көрсетуге бағытталған.

– Біз жастарды жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды пайдаланып, кәсіп жүргізуге үйретуді қолға алмақпыз. Басты мақсат – олардың әлеуметтік желіде уақыт өткізумен шектелмей, интернет мүмкіндіктерін табыс көзіне айналдыруды, жаңа дағдыларды меңгеріп, заман талабына бейімделгені керек, – деді Ержан Жылқыбаев.

Осы ретте Құрылтай депутаты, «Әділет» партиясы фракциясының мүшесі Дидарбек Ділдәбек партияның сайлауалды бағдарламасында 2031 жылға дейін 5 миллион азаматты жасанды интеллект негіздеріне оқыту көзделгенін атап өтті.

– Кез келген саланың соңғы түйіні осы цифрландыруға келіп тіреледі. Әсіресе жасанды интеллектіні барынша ұтымды пайдалануымыз керек. Мұның бәрі – мемлекетті заман талабына сай дамыту жолында жасалып жатқан қадамдар. Бұл іске өскелең ұрпақ өлшеусіз үлес қоса алады, – дейді ол.

Құрылтай депутаты, «Әділет» партиясы фракциясының мүшесі Ақерке Искандерова өңірлердегі білім беру инфрақұрылымын дамыту мәселесін көтерді. Ол жастардың туған жерінде сапалы білім алып, кәсіби тұрғыдан өсуіне жағдай жасау қажет екенін атап өтті.

– Жалпыұлттық құрылыс дегеніміз – құр сөз емес. Енді сапалы инфрақұрылым қалыптастыратын уақыт келді. Бұған еліміздің әлеуеті жеткілікті. Алайда мұндай инфрақұрылым тек Астана мен Алматыда емес, барлық өңірде дамуға тиіс. Әрбір жас туған жерінен кетпей-ақ, ірі қалалардағыдай білім алып, кәсіби тұрғыдан дамуға мүмкіндік алуы керек, – дейді Ақерке Искандерова.

Жастар қанаты төрағасының міндетін атқарушы Ержан Хамитов Президент Жолдауындағы міндеттердің жас ұрпақтың келешегімен тікелей байланысты екенін атап өтті.

– Президент Жолдауында еліміздің алдағы даму бағытына қатысты маңызды міндеттер айқындалды. Соның ішінде білім сапасын арттыру, еңбек нарығын дамыту, цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін тиімді пайдалану мәселелеріне баса назар аударылды. Бұл бағыттардың әрқайсысы жастардың бүгіні мен болашағына тікелей байланысты, – деді Ержан Хамитов.

Кездесу барысында жастар өздерін толғандырған сауалдарын қойып, спикерлермен ашық пікір алмасты. Диалог алаңы Президент Жолдауындағы міндеттерді жастарға түсіндіріп қана қоймай, олардың ұсыныстары мен бастамаларын ортаға салуға мүмкіндік берді. Айта кетейік, Bir Tolqynda диалог алаңы аясындағы осындай кездесулер еліміздің 20 өңірінде де ұйымдастырылды.



Айсұлу СҮЛЕЙМЕНОВА,
Құрылтай депутаты, «Әділет» партиясы фракциясының мүшесі:

ЕЛДІҢ ДАМУЫ ХАЛЫҚТЫҢ ӨМІР САПАСЫНАН КӨРІНУІ КЕРЕК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында қоғам үшін маңызды бірқатар мәселе көтерілді. Соның ішінде мен үш бағытқа ерекше тоқталғым келеді.

Біріншісі – инклюзивті білім беру. Бүгінде Қазақстанда ерекше білім беру қажеттілігі бар 237 мыңнан астам бала бар. Бұл жай ғана сан емес, әрқайсысының өз арманы, өз болашағы бар балалар. Менің ойымша, бұл мәселені тек білім беру саласына жүктеп қою дұрыс емес. Денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, инфрақұрылым және мамандар даярлау бағыттары бір-бірімен тығыз байланыста жұмыс істеуі керек. Баланың даму ерекшелігін ерте анықтап, дер кезінде қолдау көрсету өте маңызды. Себебі уақытында көрсетілген көмек баланың бүкіл болашағын өзгертуі мүмкін.

Екіншісі – цифрландыру. Бүгінде технология күн сайын дамып жатыр. Жасанды интеллект, цифрлық қызметтер, жаңа платформалар... Бірақ осы мүмкіндіктер барлығына бірдей қолжетімді ме? Меніңше, ең алдымен осыған назар аударуымыз керек. Цифрландырудың нәтижесін тек жаңа жүйелер мен платформалардың санымен өлшеуге болмайды. Оның нақты пайдасын қарапайым азамат сезінуі тиіс. Әсіресе ауылдағы жастар, жұмыс іздеп жүрген азаматтар, кәсіпкерлер және ерекше қажеттілігі бар адамдар үшін жаңа мүмкіндіктер ашылуы керек.

Үшіншісі – халықтың табысы. Ең төменгі жалақыны 85 мыңнан 110 мың теңгеге дейін көтеру жөніндегі тапсырма – маңызды бастама. Бірақ бір нәрсені ұмытпауымыз керек. Халық үшін жалақының қағаз жүзінде өскені емес, сол табысқа қаншалықты жақсы өмір сүре алатыны маңызды. Білім алуға жағдай болмаса, баланың қабілеті толық ашылмайды. Жаңа технологиялар қолжетімсіз болса, оның пайдасын бәрі бірдей көрмейді. Ал табыс күнделікті қажеттіліктерге жетпесе, экономикалық өсімді халық сезінбейді.

Мен үшін депутат ретінде ең маңыздысы мәселені көтеріп қана қою емес, оның нақты шешімін табуға атсалысу. Айтылған бастамалардың қалай жүзеге асып жатқанын, халыққа қандай пайда әкеліп жатқанын назарда ұстау. Өйткені халыққа әдемі сөздер мен есептерден бұрын нақты нәтиже керек. Еліміздің дамуы әрбір қазақстандықтың өміріндегі жақсы өзгерістерден көрінсін!



Әмірбек ОСПАНБЕКОВ,
Құрылтай депутаты, «Әділет» партиясы фракциясының мүшесі:

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ – ӨҢІР ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Жолдауында инфрақұрылымды жаңғырту мен құрылыс саласын дамытуға басымдық берілді. Үкіметке жыл соңына дейін «Халықтық құрылыс» бағдарламасы аясында іске асырылатын жобалардың бастапқы тізімін әзірлеу тапсырылды.

Бұл тапсырма облыс орталықтарымен қатар аудандар мен елді мекендерде де әлеуметтік инфрақұрылым нысандарын салу мен жөндеуді көздейді. Атап айтқанда, жолдар, әуежайлар, вокзалдар, денсаулық сақтау мекемелері мен ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған оңалту орталықтарын дамытуға басымдық беріледі.

Өңірлік және инфрақұрылымдық даму комитетінің төрағасы ретінде бұл міндеттердің маңызын ерекше атап өткім келеді. Өйткені инфрақұрылым дегеніміз тек жолдар мен ғимараттар емес. Ол – медициналық көмекке қолжетімділік, балалардың дамуына қажетті жағдай, тұрғындардың қауіпсіз әрі жайлы өмір сүруі және елді мекендердің экономикалық әлеуеті. Сондықтан Президенттің 2027 жылды «Жалпыхалықтық ауқымды құрылыс жылы» деп жариялау туралы ұсынысын қолдаймын.

Менің ойымша, ауқымды құрылыстың нәтижесі салынған нысандардың санымен ғана өлшенбеуі керек. Ең бастысы, әрбір жоба халықтың нақты қажеттілігіне жауап беріп, сапалы әрі қолжетімді болуы тиіс. Өңірлердің ерекшеліктері мен тұрғындардың сұранысы ескеріліп, әрбір нысан ел игілігіне қызмет еткенде ғана бұл бастама азаматтардың тұрмыс сапасын жақсартуға нақты үлес қосады.



Гүлназ АТАМКҰЛОВА,
Құрылтай депутаты, «Әділет» партиясы фракциясының мүшесі:

ҚАРЖЫ СЕКТОРЫН ДАМЫТУ – ОРТАҚ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Қазақстан халқына Жолдауында елдің тұрақт әлеуметтік-экономикалық дамуы, халықтың тұрмыс сапасының жақсаруы және әрбір азаматтың әл-ауқатын арттыру бағытына басымдық берілген деп ойлаймын.

Жолдауда минималды жалақыны 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап 85 мың теңгеден 110 мың теңгеге дейін көтеру туралы айтылды. Бұл 1,8 миллион адамның табысын арттыруға ықпал етпек. Қазір біз Құрылтайда бюджет жобасын қарастырып жатырмыз. Ең төменгі жалақы мөлшерін көтеруге байланысты біраз өзгеріс енгізілетін болады.

Сондай-ақ инвестиция тартудағы түйткілді мәселелер туралы, Президент «Инвестицияның тиімділігі жұмыс істей бастаған өндіріс орындарының санымен, сапасымен және оның экономикаға қосқан нақты үлесімен бағалануға тиіс.

Әлемде инвестицияға талас күшейіп келеді. Бәсекеге қабілетті болу үшін жедел шешімдер қабылдап, жылдам әрекет ету қажет. Бірақ елімізде инвестор тарту және оларды жан-жақты қолдау жүйесінде бірізділік жоқ.

Әрбір мекеме немесе жеке тұлға ойында не бар болса, соны істей береді. Нәтижесінде кешенді көзқарас та, үйлесімділік те, сабырлық та, білім де жетіспейді. Сондықтан инвестиция тарту ісін бір орталықтан басқаруға мүмкіндік беретін тұтас жүйені жетілдіре түсу керек», – деді.

Мемлекет басшысы бұл тұрғыда Қазақстан инвестиция тартатын ел ғана емес, тартылған қаржыны нақты өндіріс пен экономикалық өсімге айналдыра алатын мемлекет болуы керектігі туралы нақты тапсырмалар берді. Бұл елімізде инвесторға қызмет көрсететін бірыңғай әрі үйлесімді жүйе қалыптастыруға, яғни инвестициялық жобаның бастамасынан бастап өндіріс толық іске қосылғанға дейінгі процесті бақылауға, әр мекеменің жауапкершілігін айқындауға негізделген нақты қадам деуге болады.

Сонымен қатар Жолдауда Ұлттық банк пен Үкімет Қазақстанның қаржы нарығын дамытудың бірыңғай стратегиясын әзірлеуі керек екені айтылды. Бұл еліміздің қаржы нарығын дамытуға қатысты маңызды міндеттің бірі. Жолдаудағы осы тапсырма аясында Ұлттық банк пен Үкіметтің қаржы секторын дамыту жөніндегі саясаты бір арнаға тоғысып, ортақ стратегиялық бағыт қалыптастыру бойынша бірқатар жұмыс істелуі тиіс.

Мұнда бірнеше өзекті мәселе бар: банк секторының экономикаға ықпалы, кәсіпкерлікті несиелендіру, инвестиция тарту, қор нарығын дамыту, қаржы ресурстарының қолжетімділігі және халықтың қаржылық сауаттылығы. Президент бұл тапсырманы қаржы нарығының мүмкіндіктерін кеңейту, жинақталған қаражатты нақты экономикаға бағыттау және бизнесті ұзақмерзімді қаржыландыру қажеттілігімен байланыстырып отыр деп ойлаймын.

Президенттің Жолдауда еліміздің дамуының нақты стратегиялық бағыттарын айқындаған тапсырмалары Үкіметке, барлық сала мамандарына және Құрылтай депутаттарына үлкен жауапкершілік жүктейді.

ӨЗЕКТІ

5 ҚАРАША 2026 | БЕЙСЕНБІ

ҮЙДЕГІ ГАЗ – ҮЛКЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК

Еліміздің газбен жабдықтау жүйесі де жылу беру маусымына кірді. QazaqGaz Aimaq дерегінше, 2026-2027 жылдардағы күзгі-қысқы кезеңге газ тарату жүйелерінің 100% дайындығы қамтамасыз етілді. Бірақ барлық өңірдегі газ инфрақұрылымы қысқы жағдайда жұмыс істеуге сақадай-сай болғанымен, бұл әрбір үйдегі газ жабдықтары толық жаңартылып, жөнделді дегенді білдірмейді екен. Өйткені ол әрбір отбасы мен жергілікті әкімдіктің мойнындағы жауапкершілік. Тиісінше, әр шаңырақтағы газ жабдықтарының қауіпсіздігі мәселесі күн тәртібіне шығып отыр.

САҚТЫҚ – ӨМІР ҚАЛҚАНЫ

QazaqGaz Aimaq АҚ-ның ақпаратына жүгінсек, өткен айда бүкіл Қазақстан бойынша 6 мыңнан астам маман күндіз-түні жұмылдырылып, шамамен 77 мың шақырым газ тарату желісі қысқы жұмысқа әзір етілген. Жұмыс барысында газ реттеу пункттері мен шкафтарына техникалық қызмет көрсетіліп, жөндеу жүргізілген. Мұның сыртында газ құбырлары жаппай аспаптық тексеруден өткізіліпті. Жалпы дайындық жұмыстары 30-ға жуық техникалық іс-шараны қамтыды. Компания жұмыс мұнымен бітпейтінін, мамандары тұрғындарға табиғи газды қауіпсіз әрі үнемді пайдалану ережелерін түсіндіру жұмыстарын жалғастырғанын жеткізді.

Әйткенмен, сарапшылардың түсіндіруінше, газ және газ жабдықтарын пайдалану кезіндегі қауіпсіздікке қарапайым тұтынушылар да жауапты. ТЖМ Өртке қарсы қызмет комитеті төрағасы орынбасарының міндетін атқарушы Руслан Қайрақбаев мемлекеттік бақылау және қадағалау қатаң түрде Кәсіпкерлік кодекстің талаптарына сәйкес жүзеге асырылатынын еске салды. Тексерушілер әрбір үйді аралай алмайды.

«Тексерулер шеңберінде тұрмыстық газ баллонын, ішкі газ жабдықтарын пайдалану мәселелері қаралмайды. «Газ және газбен жабдықтау туралы» заңға сәйкес, тұрмыстық тұтынушылардың газ жабдықтарын қауіпсіз қолдану талаптарының сақталуын әкімдіктердің тұрғын үй инспекциялары бақылауға тиіс. Бұдан өзге, өрт қауіпсіздігі саласындағы талаптарда тұрмыстық газ жабдықтарын пайдалануды реттейтін нормалар қамтылмаған. Соның салдарынан бұл мәселе азаматтық қорғау органының тексеру нысанасына кірмейді», – деді Р.Қайрақбаев.



QazaqGaz Aimaq АҚ мәліметіне сәйкес, мысалы, өткен жылыту маусымындағы 32 мыңнан астам шағым-өтінімнің көпшілігі үйлердегі ішкі газ жүйелері мен жабдықтарына қатысты болыпты. Жарылыс, газдан улану сияқты газды тұрмыстық мақсатта пайдалану кезінде жиі кездескен жазатайым оқиғаларға негізінен қауіпсіздік талаптарын сақтамау, газ жабдықтарын өз бетінше орнату немесе орнын ауыстыру, сапасыз, тіпті қолдан жасалған құралдарды пайдалану себеп болыпты.

«Заңнамаға сәйкес, газ жабдықтарының иелері оның қауіпсіздігі мен техникалық жағдайына өздері жауапты. Бұған қоса, олар газ жабдықтарына уақытылы техникалық қызмет көрсетуге міндетті. Ал газ таратушы ұйым тек даладағы, үйдің қақпасына дейінгі, сыртқы газ желілеріне жауап береді», – деді Энергетика министрлігінің Газ өнеркәсібі департаментінің директоры Асқар Қонақбаев.

Сондықтан әкімдіктер газ-техникалық инспекцияларды құруға кіріскен. Бұл үй ішіндегі газ жабдықтарының қауіпсіздігіне бақылауды күшейтуге, жазатайым оқиғалардың санын азайтуға мүмкіндік беруге тиіс.

Осы орайда ТЖМ «Ата-анаңның үйін тексер!» республикалық акциясын өткізіп жатыр. «ТЖМ барша азаматты қауіпсіздікті өз үйінен бастауға шақырады: ата-анаңыздың үйіне барып, жағдайды тексеріп, қажет болса жабдықтарға техқызмет көрсетуге көмектесіңіз», – делінген хабарламада. Акцияға өзі қатысып, үлгі көрсеткен ТЖМ Стратегиялық жоспарлау және жедел басқару орталығының бастығы Азамат Жүнісов Алматыдағы анасының үйіне барып, газ жабдықтары мен желдету жүйесінің жарамдылығын тексерді. Газ қызметінің мамандарымен бірге табиғи газды анықтайтын газ талдағышты ауыстырды.

Бұдан басқа, өрт қауіпсіздігінің республикалық профилактикалық айлығы аясында әкімдіктер мен волонтерлер бірлесіп, тиісті мамандарды тартып, осал отбасылардың баспанасында газ бен жану өнімдерінің қауіпті концентрациясын анықтайтын 24,7 мың датчик орнатқан. ТЖМ газ жабдықтарын жөндеу мен орнатуды тек білікті мамандарға сеніп тапсыруға кеңес берді. Өз кезегінде жаңа жылыту маусымы басталғалы ТЖМ қызметкерлері шамамен 13 мың датчик орнатты.

ҚАУІПСІЗДІККЕ ЖҮЙЕЛІ БАҚЫЛАУ ҚАЖЕТ



Газ жабдықтарын пайдаланудың қауіпсіздігі проблемаларына Құрылтай депутаттары да назар аудартып отыр. «Әділет» партиясы фракциясының мүшесі Беғалы Ералиев Премьер-министрдің орынбасарына жолдаған сауалында газ жабдықтарын пайдаланудың қауіпсіздігін күшейтудің маңызына екпін түсірді.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұстанатын «Заң мен Тәртіп» қағидаты азаматтардың өмірі мен қауіпсіздігін қорғауға ерекше мән береді. «Әділет» партиясы үшін азаматтардың өз үйінде қауіпсіз өмір сүруі маңызды. Алайда жылыту маусымы басталған сайын газды қауіпсіз пайдалану мәселесі өзекті болады. Әсіресе көппәтерлі тұрғын үйлердегі пәтерішілік газ жабдықтарының жай-күйі алаңдатады. Себебі бір пәтердегі газ жабдығының ақауы басқа тұрғындардың да өміріне қауіп төндірмек», – деді депутат.

Оның пікірінше, ескі, көпқабатты үйлердегі түтін шығару және желдету арналарының уақытында тексерілмеуі мен тазаланбауы иіс газынан улану қаупін арттырады. Бұл жұмыстарға жауапты тараптардың міндеттерін, бақылау тәртібін нақтылау қажет. Себебі QazaqGaz мәліметінше, соңғы бес жылда табиғи газды пайдалану кезінде иіс газынан 1 337 адам зардап шегіп, оның 294-і қайтыс болған.

Депутаттың мәліметі бойынша «Газ және газбен жабдықтау туралы» заңда газ жабдықтарына міндетті техникалық қызмет көрсету көзделгенімен, кейбір ұйым нақты жұмыс атқармай, тексеруді қағаз жүзінде рәсімдеп, тұрғындардан ақы алумен шектеледі екен.

Бұл жерде тағы бір проблема бой көрсетеді. Кейбір тұрғын қызмет көрсетуге шарт жасасудан, ақы төлеуден немесе мамандарды үйіне кіргізуден бас тартады. Әшкереленген ақауды жою талабы да орындалмай жатады. Сондықтан тұрғындарға газ жабдықтарын қауіпсіз пайдалану, оларды уақытында тексерту және анықталған ақауларды жою қажеттігін түсіндіру жұмыстарын күшейту керек.

– Бұдан бөлек, газ жабдықтарына қызмет көрсету мен жүргізілген тексерулердің цифрлық есебі толық жолға қойылмаған. Соның салдарынан анықталған ақаулардың жойылғанын және атқарылған жұмыстардың нәтижесін бақылау қиын, – деді Беғалы Ералиев.

Осыған байланысты «Әділет» партиясының фракциясы газ жабдықтарына қызмет көрсететін ұйымдардың жұмыс сапасы мен алынатын төлемдердің негізділігіне талдау жүргізуді, сондай-ақ үстіртформалды тексерулердің алдын алу және нақты атқарылған жұмыстарды растау тетіктерін күшейтуді ұсынды. Сонымен бірге газ жабдықтарына техникалық қызмет көрсету мен жүргізілген тексерулердің бірыңғай цифрлық есебін енгізу де өзекті. Сонда жауапты ведомстволар мен ұйымдар атқарылған жұмыстар, анықталған ақаулар, оларды жою мерзімдері және жауапты тұлғалар туралы мәліметті бір жерден көріп-біліп, тиісті шара қабылдап отырар еді.

Бір үйдегі газ ақауы бір отбасының ғана емес, тұтас тұрғын үйдің тағдырын өзгертуі мүмкін. Сондықтан газ қауіпсіздігі – әркімнің жеке шаруасы емес, баспана қожайыны, газ операторы, жергілікті атқарушы органдар мен жауапты ведомстволардың ортақ жауапкершілігі.

БАЛЛОННЫҢ БӘРІ БАҚЫЛАУДА БОЛАДЫ

Қазақстанда жыл сайын газ баллоны жарылуының 200-ге жуық оқиғасы болып, ондаған адам қаза табады. Оның бірі Щучинск қаласында, 2026 жылғы 26 ақпанда бірден 11 адамның өмірін жалмаған алапат жарылысқа ұласты. Бұл ретте елде негізінен тозығы жеткен 900 мыңдай баллон айналымда жүр. Қайғылы оқиғалар қайталана бермеуі үшін ТЖМ өз шараларын қабылдаған, өзгеріс шамалы. Енді Энергетика министрлігі төл реформасын бастады. Оның бастамасы несімен ерекшеленеді және қандай өзгерістерді қарастырады?

ЖАРЫЛЫСҚА ЖЕТКІЗГЕН ЖҮЙЕСІЗДІК

Тұрмыстық газ баллондарының қауіпсіздігі – жылдар бойы қордаланған, әрбір қайғылы оқиғадан кейін қайта-қайта күн тәртібіне шығатын мәселе. Жергілікті атқарушы органдардың мәліметінше, қазіргі кезде ел аумағында көлемі 27 және 50 литр болатын 875-900 мыңнан астам тұрмыстық газ баллоны айналымда жүр. Олардың едәуір бөлігі көнерген: осыдан 40-50 жыл бұрын өндірілген. Демек, қазіргі тұрмыста пайдаланылатын газ құтыларының біразы нормативтік қызмет мерзімін әлдеқашан түгескен.

Бірақ мамандардың түсіндіруінше, қарапайым бұқараға төнген қауіптің үлкені тек жабдықтың ескіргенінде емес, оның әрқайсысының нақты жай-күйін жайып салатын сенімді деректің жоғында. Яғни өзекті, ағымдағы статистиканы тіпті құзырлы органдар да жете біле бермейді. Мұның соңы ел қабырғасын қайыстырған қайғылы оқиғаларға соқтырады. Ресми мәлімет бойынша 2023 жылы тұрмыстық газ баллондарына байланысты 128 жарылыс тіркеліп, 167 адам зардап шекті, 21 адам қаза тапты.

2025 жылдың соңы мен 2026 жылдың бірінші жартысында да Төтенше жағдайлар министрлігінің тұрғын үйлер мен қоғамдық тамақтану орындарындағы оқыс оқиғалар туралы хабарлары толастамады. Соның ішіндегі ең ауыры 2026 жылғы 26 ақпанда елді дүрліктірді: Щучинск қаласында болған зұлмат жарылыстан 11 адам мерт болды.

Мәселенің түп-тамырына үңілсек, Қазақстанда газдандыру деңгейі 2025 жылдың қорытындысы бойынша 60 пайыздан асқанымен, ауылдық елді мекендерде, қалалардың бірқатар ауданында, қаптаған саяжайларда, шағын кәсіпкерлік нысандарында баллондық газбен қамту әлі де маңызды рөл атқарады. Энергетика министрлігі мамандарының пайымдауынша, қолданыстағы баллондардың нақты саны мен техникалық жағдайы жөнінде толық мәліметтің болмауы қауіпсіздік шараларын жоспарлауды қиындатады.

ЕСЕП ЖОҚТА ЕСЕНДІК ЖОҚ

Саланы ретке келтіріп, тәртіп орнату мақсатында Энергетика министрлігі тұрмыстық баллондарға толтырып сатылатын сұйытылған мұнай газын таңбалауды және қадағалауды енгізбек. ЭМ Сұйытылған мұнай газы басқармасының бас сарапшысы Әсел Жақыпованың айтуынша, міндетті таңбалау жүйесі еліміздегі тұрмыстық баллондардың қауіпсіздігін қатаң қамтамасыз ету үшін қажет. Бұл бастама алдымен республиканың барлық өңіріндегі әрбір газ баллонының нақты санын, оның қозғалысын және ішіндегі газ көлемін түгелдей бақылауға мүмкіндік беретін бірыңғай цифрлық есеп жүйесін қалыптастыруды көздейді.

Сонымен қатар жарамсыз, нормативтік мерзімін өткерген немесе техникалық сынақтан өтпеген қауіпті баллондарды айналымнан түпкілікті шығару арқылы азаматтардың өмірі мен денсаулығына төнетін қатерді сейілту басты назарда тұр. Бұдан бөлек, жаңа реформа сұйытылған мұнай газының заңсыз айналымын азайтып, арнайы жабдықталмаған орындарда, соның ішінде автокөліктерге газ құю стансаларында баллондарды заңсыз толтыру әрекеттеріне түбегейлі тосқауыл қоймақ. Нарықтың ашықтығын арттырып, көлеңкелі нарықпен күресті күшейтіп, адал кәсіпкерлер үшін тең бәсекелестік ортасын қалыптастыру және бизнес үшін тауар айналымы туралы есеп беру процесін айтарлықтай жеңілдету де осы жобаның басты міндетінің бірі.

Мұның сыртында саланы тиімді бақылау мен нақты жоспарлау үшін тұтынылатын газ көлемі туралы жедел ақпарат алып, толтырылған газ баллондарының қайда бағытталғанын қадағалап, оның орнатылатын мекенжайын қатаң тіркеу міндет. Сонда әрбір әкімдік пен жергілікті төтенше жағдай мекемелері нақты қай үйдің және ғимараттың газды осындай күйде қолданатынын нақты білетін болады. Әйтпесе, мамандардың мәліметі бойынша «тілсіз жаумен» күреске аттанған өрт сөндірушілер нысанда газ баллондарының бар-жоғын алдын ала біле алмай, басын қатерге тігуге мәжбүр. Мемлекет тек елдегі сұйытылған газды тұтыну көлемін жедел бақылап, саланы жоспарлау мен реттеуде нақты деректерге сүйене алады. Яғни таңбалау – жай ғана баллонға белгі жапсыру емес, былыққан, бейберекет нарықты бақыланатын жүйеге айналдыруға талпыныс.

Тұрмыстық баллондағы сұйытылған мұнай газына міндетті таңбалауды 2026 жылдың соңы мен 2027 жылдың басы аралығында енгізу жоспарланған. Осы орайда таңбалау процестерінің бірыңғай алгоритмі ұсынылып отыр. Ол бірнеше негізгі кезеңді қамтиды. Біріншіден, баллон айналымына қатысушылар – газ толтыру пункттері мен стансалары Тауарларды таңбалау және қадағалау ақпараттық жүйесінде тіркелуге тиіс.

Екіншіден, олар баллондарға арналған тростық пломбалар, сондай-ақ сұйық газдың таңбалау кодын басуға қажетті пластик пломбалар сияқты шығыс материалдарын сатып алуға тиіс. Үшіншіден, елдегі барлық баллон Таңбалау мен қадағалау ақпараттық жүйесінің каталогына енгізіледі. Әрбір баллонға жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) тағайындалады. Төртінші қадам ретінде қатысушылар сұйытылған газдың таңбалау кодтарына тапсырыс беруге міндетті. Олардың тапсырысы негізінде оператор кодты генерациялайды және кодтарды арнайы биркаға түсіреді.

Бесіншіден, газ толтыру барысында баллонның сәйкестендіру коды мен газдың таңбалау коды өзара байланыстырылады, екеуі бір арнада тоғысады. Басқаша айтқанда, мемлекет қандай баллонға қай жердің газы қанша рет құйылғанын нақты біле алады. Соңында толтырылған баллон тұтынушыға табысталып, жүйеде енді тұтынушының деректері тіркеледі. Тиісінше, қандай отбасының немесе бизнес нысанының баллондағы көгілдір отынды тұтынатыны анықталады. Бұрын баллонның тарихын анықтау үшін тозған, өше бастаған зауыттық нөмірге үңілуге немесе қағаз құжатқа жүгінуге тура келсе, жаңа тәсіл әрбір құтының цифрлық ізін қалыптастыруға бағытталған.

Мұндай алгоритм баллонның өмірлік циклін – зауытта жасаудан және тіркеуге алудан бастап газбен толтыруға, пайдалануға, айналымнан шығаруға дейінгі кезеңдерді бақылауға мүмкіндік беруге тиіс. Дегенмен цифрлық есеп ескі баллон орнына жаңасын жасамайды, ақаулы жабдықты жөндемейді. Оның құндылығы – қауіпті анықтауға, қолданыс мерзімі аяқталған жабдықтың қолданылуын әшкерелеуге және жауапкершілікті нақтылауға жағдай жасауында. Жүйе тиімділік әкелуі үшін цифрлық таңба есептің тағы бір түрі болып қалмай, күнделікті өндірістік тәртіптің ажырамас бөлігіне айналуы қажет.



СЫНАҚ ТҰРАҚТЫ ТАЛАПҚА АЙНАЛМАҚ

Айта кетер жайт, міндетті таңбалауға бірден көшпес бұрын Үкімет былтыр тұрмыстық баллондарда сатылатын сұйытылған мұнай газының таңбалануы мен қадағалануы бойынша пилоттық жобаны жүзеге асырды. Тиісті жоба Энергетика министрі Ерлан Аққенженов қол қойған бұйрық негізінде іске қосылған болатын. Сынақ аясында таңбалау кодтарын енгізу тәсілдері, мемлекеттік жүйені қолданыстағы бизнес-процестермен интеграциялау және айналымға қатысушылардың операциялық қызметіндегі ықтимал өзгерістер пысықталды. Пилоттық жобаны Энергетика, Төтенше жағдайлар министрліктері Тауарларды таңбалау мен қадағалаудың бірыңғай операторы – Tañ ba компаниясымен бірлесе жүргізді.

«2025 жылғы 1 шілдеден бастап 31 желтоқсанға дейінгі аралықты қамтыған пилоттық жобаның нәтижелері аталған тетікті енгізуге айтарлықтай кедергілердің жоқ екенін көрсетті. Эксперименттер сұйытылған мұнай газын тұрмыстық баллондарда сататын газ толтыру стансалары (ГТС) мен газ толтыру пункттерінің (ГТП) кәсіпорындарында қатар жүргізілді», – деп хабарлады Энергетика министрлігі.

Осы қорытынды міндетті таңбалауды жаппай енгізу жөніндегі келесі қадамға негіз болмақ. Әйткенмен, пилоттық жобада «елеулі кедергінің» анықталмауы жүйенің барлық өңірде, әртүрлі кәсіпорын жағдайында және ұзақ мерзімде тек мінсіз жұмыс істейтінін білдірмейді. Сынақ жаңа тетікті іске асыруға болатынын ғана көрсетті. Ал оның шынайы тиімділігін уақыт пен тәжірибе айқындайды.

Бұған қоса, бизнес қауымдастық бұл салада таңбалаудың енгізілуі онсыз да жыл сайын бағасы көтерілетін сұйытылған газды одан сайын қымбаттатып жіберетінін айтып, дабыл қақты. Өйткені баллондағы газды негізінен, ауылдағы кедей халық, сондай-ақ дәмхана, наубайхана сияқты шағын бизнес тұтынады.

Өз кезегінде Энергетика министрлігі таңбалау газды тұрмыстық баллонмен саудалайтын кәсіпкерлерге қаржылық жүктеме түсіретінін жасырмады. Атап айтқанда, кәсіпкерлер баллондарын сәйкестендіруге арналған металл тростық биркалардың әрқайсысын шамамен 200 теңгеге сатып алуға міндетті. Ары қарай әрбір таңбалау коды түсірілетін пластик биркаларды 30 теңгеден алады. Жоғалтып алса, қайта шығындалады. Бұдан бөлек, баллонға газ толтырған сайын сомасы 15 теңгені (ҚҚС-сыз) құрайтын бақылау-сәйкестендіру белгісі үшін төлем енгізуге тиіс. Мұның бәрі көгілдір отын құнына қосылмақ.

Сонымен қатар таңбалау кодтарын тікелей баллонға басып шығару үшін газ толтыру стансалары мен пункттеріне бағасы ондаған мың теңгеден басталатын, этикетка басып шығаратын арнайы принтер және басқа қажетті жабдықтар жиынтығын сатып алуға жеке мамандарын жалдауға тура келеді. Бұл талаптар баллондардың түпкілікті құнының қымбаттауына әкеліп соқтырады. Салдарынан мемлекеттің қолдауынсыз, нарықтағы қауіпсіздік пен ашықтықты қамтамасыз ету қаржылық шығынға ұрынғалы тұр.

Осыдан кейін де көлеңкелі нарықта заңсыз толтыру тәжірибесі сақталса, баллондардың нақты есебі жүргізілмесе, көнелері уақытылы жаңартылмаса және жазатайым оқиғалардың қаупі төмендемесе, «реформаның мақсаты орындалды» деуге келмес. Онда таңбалау тек газ бағасын қымбаттатқан кезекті кесірге айналады.

Бірақ қол қусырып қарап отыру да қауіпті: ескірген баллондар әрі қарай айналымда қала берсе, олардың қозғалысы мен техникалық жай-күйі тіпті құзырлы органдарға белгісіз болса, алдын алуға болатын трагедиялар көбеюі ықтимал. Сондықтан қауіпсіздікке бастайтын тың қадамдар керек. Мемлекет нарықты қазіргі «жабайы» күйінде қалдыра алмайды. Жаңа реформаның шынайы бағасы енгізілген кодтар санымен емес, аман қалған адамдардың өмірімен өлшенбек.

Бетті дайындаған Айхан ШӘРІП

МӘСЕЛЕ

5 ҚАРАША 2026 | БЕЙСЕНБІ

ДРОППЕРЛІК – ҚАРА ДЕЛДАЛДЫҚ

Қазіргі заман қылмыстарының қатарынан саналатын дропперлік бүгінде елімізде терең тамыр жайып, қоғамның ауыр дертіне айналған. Неше жылдан бері экономикалық қылмыс ұғымының арасында жасырынып келгендіктен, жағдайдың мұншалық ушыққаны көп айтылмайтын. Былтыр қыркүйекте Қылмыстық кодекске осы мәселені жеке қарастыратын арнаулы бап енгізілгеннен кейін бүркемеленіп келген жайдың беті ашылғандай болды. Құқық қорғау органдарының құрығы ұзарып, қордаланып қалған қалың статистика су бетіне қалқып шықты.



Ербол ТҰРЫМБЕТ

Жалпы, дропперлік дегеннің өзі – көбіне интернет-алаяқтық, телефон алаяқтығы, есірткі саудасы, заңсыз онлайн-казино және букмекерлік қызмет, сыбайлас жемқорлық, ақшаны жылыстату, қаржы пирамидалары мен киберқылмыс сынды қылмыс түрлерінде қолданылатын тәсіл.

Енді ресми статистика не дейді? Елімізде биылғы әуелгі 9 айда экономикалық қызмет саласында тіркелген қылмыстық құқықбұзушылықтар саны былтырғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 2,6 есе артқан. Алайда соның ішінде мұншалық қомақты өсімге негіз болып тұрған дропперлік болып шыққан. Әйтпесе экономика саласына жататын қалған заңбұзушылықтың статистикасы керісінше 35 пайызға азайып отыр. Айталық, ресми органдар мәліметінше, 2026 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында елімізде экономикалық қызмет саласында 1,4 мың қылмыстық құқықбұзушылық жасалған. Алдыңғы жылдардағы көрсеткіштерге қарасақ, мұндай күрт өзгеріс байқалмайды. Мәселен, 2023 жылы осы аралықта 531, 2024 жылы 526 жағдай есепке алынған.

Енді сол 1,4 мың істің ішінде дропперлік үлесі 1,1 мың. Былтыр осы кезеңде Қылмыстық кодекстің 232-1-бабымен баржоғы 4 іс тіркелген екен. Сайып келгенде, жыл басынан бергі барлық экономикалық қылмыстың 75,6 пайызы жаңа заман қылмысына тиесілі болып отыр. Тек ескере кететін бір жайт, соңғы екі жылдың көрсеткішін салыстыру орынды қисын дей алмаймыз. Өйткені жаңа бап 16 қыркүйекте ғана күшіне енгендіктен, аз уақытта қомақты мәліметтің анықтала қоюы екіталай.

Ал дропперлердің қылмыстық әрекеттегі рөлі қандай? Қарапайым тілмен айтқанда, олар алаяқтар мен олардың құрбандары арасында делдал болып жүреді. Алаяқтарға арбалған азаматтардың ақшасы алдымен осы дропперлердің банк шоттарына түседі. Кейін ол қаражат келесі делдалға, одан әрі тағы басқа шоттарға аударылып, ақыр соңында қылмыстық схеманы ұйымдастырушылардың қолына жетеді. Мұндай делдалдардың қатары неғұрлым көп болса, ақшаның ізін кесіп, қылмыстың нақты ұйымдастырушыларын анықтау да соғұрлым қиындай түседі. Мәселен, алаяқтарға алданған азамат полицияға шағымданып, ақша аударған банк картасының нөмірін көрсеткенімен, оның артында тұрған қылмыскерге емес, көбіне сол картаның иесі – дропперге ғана шығуы мүмкін. Осылайша, қылмыстың негізгі ұйымдастырушылары тасада қалып, құқық қорғау органдарының жұмысы күрделене түседі.

Бір қызығы, дропперлердің бәрі бірдей қылмыстық әрекетке саналы түрде бара бермейді. Оларды шартты түрде екі топқа бөлуге болады. Біріншісі – алаяқтармен ауыз жаласып, заңсыз әрекетке қатысып отырғанын жақсы білетіндер. Екіншісі – өзінің қылмыстық схеманың бір бөлшегіне айналғанынан бейхабар, мұны табыс табудың заңды жолы деп қабылдайтындар. Алаяқтар көбіне соңғы топты әлеуметтік желілердегі жарнамалар арқылы құрығына түсіреді. Ешқандай арнайы білім мен тәжірибені қажет етпейтін, есесіне оңай әрі жылдам табыс әкелетін жұмыс ұсынады. Дропперді алдап түсіретін белгілі әдістердің бір түрі осы. Бар болғаны банк картасын «жалға беріп», оған түскен ақшаны көрсетілген шоттарға аударып отыру жеткілікті. Ал әр аударымнан белгілі бір пайызын сыйақы ретінде қалдыруға рұқсат етіледі. Әрине, мұндай күмәнді әрекеттің заңдылығына сендіру үшін алаяқтар сылтаудың сан түрін ойластырып, алдын ала дайындап қояды. Ақырында оңай олжаға кенелем деген адам қылмыс тізбегінің бір буынына айналғанын аңғармай да қалуы мүмкін. Мұндай құқықбұзушылықтың сипаты мен ауырлығына қарай айыппұлдан бастап, мүлкін тәркілей отырып, жеті жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған.

Дегенмен мамандардың айтуынша, тіркелген істердің күрт көбеюін қылмыс та сонша есе өсті деп қабылдауға болмайды. Stop-Piramida.kz қоғамдық жобасының өкілдері бұл жерде заңнамадағы өзгеріс пен есепке алу тәртібін ескеру қажет екенін айтады. Дропперлік бұрын да болғанымен, оған қатысты деректер енді жеке бап бойынша тіркеле бастады. Сондықтан былтырғы төрт іс пен биылғы 1,1 мың құқықбұзушылықты тікелей салыстырып, жағдайға біржақты баға беру де қисынсыз. Оның үстіне, дропперлікті алып тастағанда экономикалық қызмет саласындағы өзге құқықбұзушылықтар саны 532-ден 346-ға дейін азайып отырғаны және бар.

– Біз үшін қозғалған істердің санынан гөрі, қанша адамның зардап шеккені, оларға келген залалдың көлемі, қаражаттың қаншасы қайтарылғаны және қылмысты ұйымдастырушылардың анықталғаны маңызды, – дейді жоба өкілі Нұркен Шардарбеков.

Оның сөзінше, дропперлікке тартылатындардың арасында оңай табыс туралы жарнамаға алданып қалғандар да, заңсыз әрекетке саналы түрде баратындар да бар. Әсіресе екінші топтағылар банк карталарын, шоттарын және қосымшаларына кіру мүмкіндігін сыйақы үшін саналы түрде береді. Қазір мұндай схемаларға криптобиржалардағы аккаунттар да пайдаланылатын болған.

– Алайда осы тұста мәселенің екінші жағын да ескерген жөн. Дропперлердің бәрін бірдей алаяқтардың құрбаны деуге келмейді. Сол сияқты шотына ұрланған ақша түскен әрбір азаматты қылмысқа біле тұра қатысты деп тану да дұрыс емес. Адамның кінәсін анықтау үшін оның нақты не істегенін және өз әрекетінің мәнін қаншалықты түсінгенін тексеру қажет, – дейді ол.

> **Бір қызығы, дропперлердің бәрі бірдей қылмыстық әрекетке саналы түрде бара бермейді. Оларды шартты түрде екі топқа бөлуге болады. Біріншісі – алаяқтармен ауыз жаласып, заңсыз әрекетке қатысып отырғанын жақсы білетіндер. Екіншісі – өзінің қылмыстық схеманың бір бөлшегіне айналғанынан бейхабар, мұны табыс табудың заңды жолы деп қабылдайтындар.**

Айталық, тергеу барысында азаматтың шотына кіру мүмкіндігін кімге, қандай мақсатпен бергені, қандай нұсқау алғаны, оған сыйақы уәде етілгені және өзінің не білгені анықталуға тиіс. Жалған жұмыс хабарландыруына сеніп, кейін алданғанын түсінген соң полицияға жүгінген адам мен қайта-қайта шот ашып, оларды өзгелерге беріп, тұрақты түрде сыйақы алып отырған адамның жағдайы бірдей емес. Сондықтан хат алмасулар, ақша аударымдары және өзге де дәлелдер жан-жақты бағалануы керек. Сол себепті заңда арнайы талаптар сақталған жағдайда жауапкершіліктен босату мүмкіндігі де көзделген. Мұндай талаптардың қатарында өз еркімен хабарлау және қылмыстың ашылуына белсенді жәрдемдесу де бар. Дегенмен бұл кез келген жағдайда жауапкершіліктен құтылуға болады дегенді білдірмейді.

Ал жеке баптың енгізілуі қылмыстық ақшаны өткізу арналарына қаншалықты тосқауыл бола алды? Бұл мәселеде жоба өкілдері құқық қорғау органдарының мәліметін алға тартады. Бас прокуратураның бұған дейінгі жарияланымдарының бірінде жаңа бап енгізілгеннен бері 700-ден астам іс тіркеліп, 216 адам жауапкершілікке тартылғаны, 202 адамның сотталғаны көрсетілген. Бірақ бұл сандарды биылғы 9 айдың қорытындысы деп қабылдау қате. Өйткені олар сол ақпарат жарияланған кездегі кезеңді ғана қамтиды.

Сонымен бірге сондағы деректер бойынша 2026 жылдың алғашқы 5 айында дропперлердің шоттары арқылы ұрланған шамамен 400 млн теңге қолма-қол ақшаға айналдырылған. Демек, жауапкершілік күшейгенімен, қылмыстық қаражатты шығару арналары әлі де жұмыс істеп тұр. Яғни заңның нәтижесін сотталғандардың санымен ғана өлшеу жеткіліксіз. Қанша күмәнді аударым тоқтатылды, жәбірленушілерге қанша ақша қайтарылды, қанша қылмыстық топтың жолы кесілді деген сауалдар да назардан тыс қалмауы керек.

Сарапшылардың қолында схеманы ұйымдастырушылардың қаншалықты жиі анықталатыны туралы расталған мәлімет жоқ. Олардың айтуынша, мұндай статистика Ішкі істер министрлігінің Киберполициясында жүргізіледі. Тек осы жерде, жоба өкілдерінің пайымынша, дропперлер, оларды тартушылар, ұйымдастырушылар және жолы кесілген қылмыстық топтар жөніндегі деректерді бөлек жариялаған жөн. Мұндай тәсіл мәселенің нақты ауқымын түсінуге мүмкіндік берер еді.

Бұл күресте банктердің де атқаратын рөлі аз емес. Бір шотқа әртүрлі адамнан көп ақша түсуі, қаражаттың іле-шала басқа шоттарға жөнелтілуі немесе ақша айналымының клиенттің әдеттегі қаржылық әрекетіне сәйкес келмеуі күмән туғызуы мүмкін. Дегенмен ірі көлемдегі әрбір аударымды алаяқтықтың белгісі деп қарастыруға болмайды.

Жоба өкілдері келтірген ресми мәліметке сүйенсек, Ұлттық банктің Антифрод-орталығы арқылы 2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 2,8 млрд теңгенің күмәнді операциялары бұғатталып, зардап шеккендерге 500 млн теңгеден астам қаражат қайтарылған. Мамандар осы бағыттағы жұмысты күшейту үшін банктер мен құқық қорғау органдарының ақпарат алмасуын жеделдету қажет деп есептейді. Әсіресе ақшаны қабылдап, бірден әрі қарай өткізіп отыратын шоттарды анықтау, аударымдар тізбегін, соның ішінде криптоактивтермен жасалатын операцияларды қадағалау маңызды.

ЖЕЛІ ЖӘНЕ ЖЕТКІНШЕК

16 жасқа толмаған балалардың әлеуметтік желіде аккаунт ашуын шектеу бастамасы қоғамда түрлі пікір туғызды. Біреулер жас ұрпақты интернеттің құрдымға тартатын иірімінен осылай қорғау керек десе, тағы бір тарап адам құқығына, ақпарат еркіндігіне алаңдайды. Екі пайымның да жаны бар. Сондықтан бұл мәселе «тыйым салу керек пе, жоқ па?» деп тар шеңберде талқылауға сыймайды. Ең бастысы – бала қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, оның цифрлық ортада өз бетінше бағдар табуына септесу.



Еркебұлан НҰРЕКЕШ

Қазір баланың қолындағы смартфон – жай ғана байланыс құралы емес, күнделікті өмірдің бір бөлігі. Сабақ та сонда, достар да сонда, жаңалық та сонда. Кейде жеткіншектер ата-анасына айта бермейтін сырын сол жерде бөліседі. Бірақ әлеуметтік желіде кибербуллинг, зиянды контент, алаяқтық, қолданушыны экранға байлап қоятын алгоритмдер де болады. Санасы бекіп үлгермеген жасөспірім ондағы жақсы мен жаманды, пайда мен залалды, асыл мен жасықты толық ажыратпауы мүмкін. Яғни балалардың әлеуметтік желідегі қауіпсіздігін талқылау – уақыт талабы.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Тамыз конференциясында «әлеуметтік желілер бала тәрбиесіне кесірін тигізе бастады» деп дабыл қақты. Мемлекет басшысы жас ұрпақтың психологиялық саулығы ұлттық қауіпсіздікке тікелей қатысты мәселе екенін айтып, «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» 2018 жылы қабылданған заңды қайта қарауды ұсынды. Сондай-ақ 16 жасқа толмаған балалардың әлеуметтік желіде тіркелуін шектеуге арналған заң жобасын Құрылтай қабырғасында қарауды тапсырды.

Мәдениет және ақпарат министрлігі әзірлеген өзгерістер «Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы» заңға түзетулер енгізу арқылы жүзеге аспақ. Негізгі ұсыныс – халықаралық платформаларда қалыптасқан 13 жас шегін Қазақстанда 16 жасқа дейін көтеру. Жасты тексеру һәм талаптың орындалуын қадағалау міндеті платформалардың өзіне жүктелмек. Шектеуге Instagram, TikTok, Facebook, VK, Threads сияқты бұқаралық контент тарататын классикалық әлеуметтік желілер ғана ілігеді. WhatsApp, Telegram сынды хабар алмасатын мессенджерлер заңда қамтылмайды. Заң жобасы ресми жарияланған соң онлайн-платформаларға өздерінің техникалық алгоритмдерін бейімдеу үшін 6 айдан 1 жылға дейін өтпелі кезең беру көзделген.

Дегенмен бастаманың жүзеге асу тәртібіне қатысты біраз мәселе әлі нақтылануға тиіс. Бұрын ашылған аккаунттардың тағдыры, 14-15 жастағы жеткіншектердің ата-ана келісімімен тіркелу мүмкіндігі, жасты тексеру ережесі заңда анық көрсетілуі керек.

Әлеуметтік желіге кіруді шектеу баланы интернеттегі қауіптен толық қорғайды деуге болмайды. Жасөспірімдер ересек туысының деректерін пайдаланып тіркелуі ықтимал, тіпті бақылауы әлсіз платформаға ауысып кетуі ғажап емес.

Әлеуметтік желінің балаға әсері аккаунттың бар-жоғына ғана емес, тұтынатын контентіне, араласатын ортасына да байланысты. Мәселен, түнде телефонды ұзақ пайдалану ұйқы режимін бұзып, назар тоқтату, есте сақтау қабілетін, сабақ үлгерімін төмендетеді. Әлеуметтік желідегі өңделген суреттер, мінсіз өмір көріністері жеткіншектің бойында өз-өзіне көңілі толмау синдромын өршітеді. Кибербуллинг те ерекше қауіп төндіреді: интернеттегі қорлау мектептен тыс уақытта да жалғасып, баланың психологиялық жағдайын нашарлатады. Бұған зорлық-зомбылықты насихаттайтын контентті қоссақ, мәселенің мәні тереңдей түседі.

Ғылыми зерттеулер бойынша әлеуметтік желіні көп қолданатын жасөспірімдер арасында депрессия белгілері жиі кездеседі екен. Алайда күйзелістің жалғыз себебі сол ғана деп біржақты қарастырсақ, жаңсақтыққа ұрынамыз. Мұнда отбасындағы ахуал, мектептегі орта, баланың мінез-құлқы да маңызды рөл атқарады.

Ресми деректерге жүгінсек, қазақ балаларының цифрлық әлемге тым ерте кіретінін байқаймыз. Жақында Құрылтай депутаты Жанарбек Әшімжан Премьер-министрге жолдаған сауалында 9-10 жастағы балалардың 60 пайызында, 11-12 жастағылардың 66 пайызында аккаунт бар, ал 88 пайызы жеке смартфон ұстайды деген дерек келтірді. Жеткіншектер, әсіресе TikTok, YouTube, Instagram платформаларын еркін пайдаланады. Осы көрсеткіштерге қарап отырып, мәселені тек жас шегін белгілеумен шешу мүмкін еместігін аңғарамыз.

Айтпақшы, әлеуметтік желіні тек қауіп көзі ретінде қарастыру да қате дейді сарапшылар. Цифрлық кеңістік білім алуға, тіл үйренуге, шығармашылықты шыңдауға, пікірлес жандармен байланыс орнатуға септеседі. Ендеше баланы зиянды контенттен қорғаймыз деп пайдалы ақпаратқа апаратын жолын да жауып алмауымыз қажет. Ол үшін цифрлық сауатты арттырған абзал. Бала жалған жаңалықты танып, жеке деректерін қорғап, күмәнді сілтемелерден қашуды меңгеруі керек.

Маңызды бір мәселе – пайдаланушының жасын тексеру. Әрине, бұл жұмысты eGov-пен цифрлық сәйкестендіру немесе бет-әлпетті бағалау арқылы жүргізуге болады. Бірақ әр тәсілдің өз қаупі бар. Мемлекеттік ID жеке деректердің шамадан тыс жиналуына әкеп соғуы мүмкін, бет-әлпетті анықтау әрдайым дәл нәтиже бермейді. Ал пайдаланушының өзі туған күнін көрсетсін деген талапты айналып өту оп-оңай.

Жас тексеру жүйесі дәлдікпен бірге дербес деректердің құпиялығын да сақтаса игі. Платформаға адамның бүкіл мәліметін құя салмай, 16 жасқа толғанын растайтын ақпаратты ғана беру жеткілікті. Баланы қорғау оның жеке өміріне қол сұғып жүзеге аспауы керек.

Бастаманың құқықтық жағын да ескерген жөн. БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясының 13-бабында әр баланың ақпарат іздеу, табу және тарату бостандығы белгіленсе, ҚР Конституциясының 20-бабында сөз бостандығына және ақпаратты еркін алуға кепілдік берілген.

Мамандар мәселені кешенді шаралар көмегімен шешуге шақырады. Мысалы, негізгі мақсат кибербуллингті азайту болса, аккаунт ашуды шектеуден бөлек қорлайтын контентті жедел жою, шағымдарды уақытылы қарау, платформалардың қауіпсіздікке қатысты міндеттерін күшейту жолдарын да қарастырған орынды болар еді. 14-18 жастағы жеткіншектердің құқықтық дербестігі назардан тыс қалмауы шарт. Оған қоса, ауыл мен қала балаларының цифрлық мүмкіндіктері бірдей емес. Шалғай елді мекендерде интернет білім алу, тіл үйрену, құрдастарымен байланыс орнату құралына айналған. Сондықтан заңдағы шектеу цифрлық теңсіздікті күшейтпеуі керек.

Әлем елдері бұл мәселені әртүрлі жолмен шешуге кіріскен. Аустралия былтыр 16 жасқа дейінгі балалардың бірқатар әлеуметтік желіде аккаунт ашуына тосқауыл қойды. Талаптың орындалуына платформалар жауапты. Францияда 15 жасқа дейінгі балалардан ата-анасының келісімі сұралады. АҚШ-тың кейбір штаттарында да кәмелетке толмағандардың тіркелуін шектеуге бағытталған нормалар қабылданды. Алайда мұндай шаралар ақпарат алу құқығы мен жеке деректерді қорғау туралы құқықтық дауларға ұласқан.

Қазақстанда платформалардың жауапкершілігін нақтылау да өзекті. Балалардың аккаунтына бейтаныс адамдардан хат келмейтін тетік жасау, түнгі хабарламаларды өшіру, жасөспірімдерге ұсынылатын контенттің қауіпсіздігін арттыру секілді жұмыстар күн тәртібінде тұр. Өйткені мәселе баланың желіге кіруінде ғана емес, платформаның оған қандай ақпарат ұсынуында жатыр.

Бұл іске мемлекет те, платформалар да, мектеп пен отбасы да ортақ жауапкершілікпен атсалысуы керек. Мемлекет құқықтық талаптар мен техникалық стандарттарды бекітіп, олардың орындалуын бақылауы керек. Платформалар қауіпсіз интерфейс құрып, шағымдарды қарау жүйесін жетілдіруі керек. Мектепте кибербуллингтен қорғану, жалған ақпаратты ажырату, дербес деректерді сақтау дағдылары үйретілуі керек. Интернетте қысым көрген балаға психологиялық көмек те қолжетімді болуы керек. Осы керектердің орны толса, заң бекер қабылданбады деген сөз.

Заңның тиімділігі бұғатталған аккаунттар санымен ғана өлшенбейді. Кибербуллинг азайды ма, зиянды контенттің таралу көрсеткіші төмендеді ме, балалардың интернетте өткізетін уақыты өзгерді ме, жас тексеру жүйесі қаншалықты жиі қателеседі – нәтижені бағалау осы көрсеткіштерге сүйенуі керек.

Қысқасы, балаға еркіндік беру дегеніміз оны қауіптің ортасына тастап кету емес. Қорғау дегеніміз ақпарат алатын арналарды түгел жабу емес. Негізгі міндет – осы екі талаптың ортасынан тепе-теңдік табу. Баланы цифрлық ортадан біржола оқшаулау қиын. Оған интернетті қауіпсіз пайдалану жолдарын үйреткен дұрыс. Экранның ар жағындағы өмірге дайындау дегеніміз – осы.

ТЕМІРҚАЗЫҚ

5 ҚАРАША 2026 | БЕЙСЕНБІ

Мұхтар ҚҰЛ-МҰХАММЕД,
заң ғылымының докторы, профессор, академик



АШЫЛМАҒАН АМЕРИКА

(Жалғасы. Басы №122 санда)

Мақаланың аты әйгілеп тұрғандай академик-жазушы әңгімені туысқан қырғыз халқының телегей-теңіз мұрасы «Манас» пен оны айтушылардан бастап, біртіндеп түркі халықтарының қаһармандық дастандарына қарай ауысқан.



«Атлантик» редакторы Э.Уикс

М.Әуезов Манас тақырыбына Ленинград университетінде оқып жүргенде келіп, кейін оны үздіксіз жалғастырумен болған. Ол абақтыдан шығып, әлі «ұлтшылдық» қамытын тастай алмай жүрген отызыншы жылдарда әуелі «Қазақ әдебиеті» газетінде «Қырғыз дастаны – Манас» атты мақала, кейін қамшысынан қан тамған 1938 жылы «Манас – героическая поэма киргизского народа» атты мақаласын қазақ коммунистерінің бас газеті «Казахстанская правдада» жариялайды.

Соғыстан кейін «Манасқа» қарсы шабуыл үдеп, ұлы дастанның тағдыры қыл үстінде тұрған 1952 жылы Фрунзедегі үлкен ғылыми конференцияда «Манасты» қаралауды бастап берген мәскеулік профессор А.Боровков пен оның жақтастары бел алып бара жатқанда академик Әуезов суырылып шығып, қырғыз халқының сан ғасырлық тарихын кеңінен қамтитын алып дастанның халықтық сипатын нақты мысалдармен дәлелдеп, делірген топтың пәпігін басады. Бұдан кейін таразы басы теңеліп, «Манасты» қолдаушылар қатары көбейіп, көне эпос құтты орнына қайта қонады. Мұхаң бұдан кейін өзінің Манас туралы ұзақ жылдар бойы зерттеген еңбектерін жүйелеп, орыс тілінде «Киргизский героический эпос» деген толымды монография да жариялайды.

М. Әуезов сапар әсері суымай тұрғанда бас-аяғы 5-6 беттік «Слушая Гомеров нашего времени» атты шағын да шымыр мақаласын жазған. Өкінішке қарай, бұл еңбек ұзақ уақыт бойы еш жерде жарияланбастан жазушы мұрағатында жатып қалды. Оны М.Әуезов ғылыми-мәдени орталығының қолжазба қорының 181-бумасынан тауып, жазушының 50 томдығына қосып, ғылыми түсініктерін жазған әуезовтанушы Р.Әбдіғұлов екенін ілтипатпен атап өтуге тиіспіз.

«Манас» тақырыбына отызыншы жылдардан бастап орыс және қазақ тілдерінде бірнеше мақала жазған М. Әуезов «Атлантикке» соның бірін ықшамдап бере салуына болар еді, бірақ олай істемеген. Мақаланы телестудияда зор шабытпен айтылған сөздің желісіне құрып, тақырып аясын кеңейтіп, тыңнан туынды тудырған.

Ол мақаласын қырғыз эпосын әлемдік әдебиетсүйер қауымға жақсы таныс Фирдоусидің «Шахнамасымен» салыстырудан бастап, «Манастың» көлемі одан екі жарым есе үлкен екендігін атап өтеді. Төрт жыл (1923-1927) қатарынан жазып алынған алып эпостың 240 мың жол екендігіне айрықша салмақ түсіріп, манасшылардың эпосты жырлау мәнеріне де арнайы тоқталып өткен. Автор эпос негізінде «Айшөрек», «Манас» опералары дүниеге келгенін де назардан тыс қалдырмаған.

Профессор Әуезов бұдан әрі якут олонхолары мен бурят улегерлерінің өнерін де тарқата жазады.

Журнал ұсынған көлем көтермейтін болғандықтан, осы тұстан тізгін тартып, мұндай жыршылық дәстүрдің қазақ, өзбек, түрікмен, қарақалпақ және кавказ халықтарында да бар екендігін айтып, түркі халықтары ауыз әдебиетінде кездесетін ортақ қайнар, ежелгі дәстүрдің табиғатын тарқатуға көшеді.

Мұхаң Алматыға жеткен соң уәдесін орындап, тез арада Уикске арнайы хат жолдайды. Хатта «1960 жылдың 3 сәуірі» деген дата қойылса, мақаласының соңында: «Мұхтар Ауэзов. Писатель, доктор филологических наук, 1960, 4 апреля», – деп жазылған.

Әуезов «Манастың» көлемі жағынан әрбір американдық оқушыға жақсы таныс «Илиада» және «Одиссеядан» асып түсетінін көрсетпеген. Гомердің атын мақала атауына шығарса да бұлай жазбауының себебі кермағыздау келетін американдық оқырмандар алыстағы бұратана халықтың қос бірдей грек эпосынан әлденеше есе үлкен жыр тудырғанына күмәнмен қарайды деп ойлаған. Еуроатлантикалық әдебиеттен басқаға мұрын шүйіре қарайтын американдықтардың солай қабылдауы да әбден мүмкін еді. Сондықтан Әуезов салыстыруды әдебиетсүйер қауымға әбден таныс шығыстың «Шахнамасымен» шектеген.

Мұхаңның 3 ақпанда жеделдете жолдаған хаты Бостонға уақытында жетіп, мақала «Атлантиктің» 1960 жылғы маусым айындағы кеңес әдебиеті мен өнеріне арналған арнайы нөмірінде «Кеңестік эпос жырлары» (Soviet epic singers) деген атпен жарық көреді.



Әуезов мақаласы жарияланған «Атлантик» мұқабасы. №6, 1960

Журнал мазмұнында Мұхтар Әуезов мақаласын ірілеу қарыптермен қарайта көрсетіп, редакция тарапынан: «1897 жылы қазақ көшпелілері отбасында туған Мұхтар Әуезов – жиырмадан астам пьеса, көптеген әңгіме мен қазақ қаһарманы Абай туралы төрт томдық романның авторы. Ол көлемі Гомер шығармаларындай, аспапта сүйемелдеумен айтылатын Азиялық Ресей халықтары фольклоры мен эпостарын жазбаға түсіруге зор еңбек сіңірді» деген аннотация берілген. Аңдатпа мақала жарияланған журналдың 122-бетінде тағы да қайталанып, қолдан салынған суретпен безендіріле түскен. Мақаланың соңында оны ағылшын тіліне Габриэлла Азраель деген аудармашы тәржімалағаны көрсетілген.

Вашингтоннан Бостонға аттанар күні Леонов екеуі «Бір шелек қан» деген «сұмдық фильм» көреді. Осы тұста мына бір жайға назар аударғанды жөн санаймыз. Әлем әдебиеті классиктерінің өмірбаянын зерттеушілер олардың басынан өткен, қаламына іліккен дүниелердің ешқайсысын тасада қалдырмайды. Әрқайсысының табиғатын ашып, жазылу тарихын тарқатады. Сондықтан бір қарағанда елеусіздеу көрінетін фильмді жазушының не үшін көріп, қандай пікір айтқанын білгеннің артықтығы болмайды.

Атының өзі-ақ бір сұмдықтың болатынынан хабар беріп тұрған фильмді Мұхаң американдық кинематографиядағы алуан жанрлардың жақсысы мен жаманын парықтау үшін әдейілеп көрген. Қандышелек фильмдер несімен аудиторияны жаулайтынын білгісі келген.

Киносценарист Әуезов «Бір шелек қанды» шыдамы жетіп қарап, оның сұмдығын, әсіресе лық толған залдағы балалардың «өлім, қан, қазалар үстінде шаңқылдап күліп, сүйсіне рақаттанып, кейде ысқырып» отырғанына қатты кейіп: «Бұл көрініс – қас масқара. Көп ойға қалдырады», – деп көңілі кіражу тартады.

Әуезов «сұмдық», «масқара» деп бағалаған мұндай кинолардың неше атасын көрген бүгінгі көрерменді үрейлі фильмдермен қорқыта алмайсың. Телевизорды қосып қалсаң күн сайын дерлік көрсетіліп жатқан мұндай қан-қасап фильмдерде есеп жоқ. Еліктегіш-солықтағыш жастарды былай қойғанда жасы үлкендер тарапынан да үлкен сұранысқа ие болып, оны жасаушыларға шаш етектен пайда әкелуінің сыры неде? Енді осының құпиясына үңіліп көрейік.

Адам өмірінде алуан түрлі оқиға болады. Оның ішінде жаныңды жадыратып, жүрегіңе нұр құятындарымен қатар алқымыңнан алып, зәреңді зәр түбіне жеткізетін үрейлі жағдайлар да орын алуы мүмкін. Мұндай оқиғалар адамды, әсіресе жас балаларды депрессиялы күйге душар етіп, тіпті шошымалы ауруға ұшыратуы мүмкін. Психологтардың бір тобы кинотеатрларда көппен бірге қауіпсіз жағдайда қорқынышты фильмдерді көру адреналин шығарудың бір түрі деп қарайды. Мұндайда адамның жүйке жүйесі үрейді жеңуге бейімделе түседі деп түсіндіреді. Осындай фильмдер арқылы адамдар түрлі фобияларынан арылады дейтіндер бар. Сондықтан құбыжық фильм әуесқойлары арасында «пышаққа құлшынып» тұратын басбұзарлармен қатар табиғатынан ұяң жандар да аз болмайтын көрінеді.

Батыс субкультурасынан берік орын алып, бүгінгі заманда қазақ кинематографиясына дейін жеткен бұл жанрдың жақсы мен жаманды айыруда жеткіншектерге берер пайдасы шамалы деп білеміз. Жас өскіннің әлі қалыптасып үлгермеген жүйке жүйесіне салмақ түсіріп, жағымсыз ойларға жетелеп, әрі-сәрі жағдайға әкелетін зарары мол сияқты көрінеді бізге.

Алыста жүрген Әуезов бос уақытының әр минутын бағалай білген. Сөйте тұра, «Қырғын Жақ», «Бір шелек қан» сияқты үрейлі фильмдерді шыдамы жетіп аяғына дейін көруге уақыт табуының тағы бір сыры қиғаштау жанрдың фольклордан тамыр тартатындығын зерттеуден туындауы мүмкін деп топшылауға болады.

М. Әуезов жиырмасыншы жылдардан бастап қазақ ауыз әдебиетін, оның аса бай саласы – ертегілерді зерттеп, жүйелеп, оның жанрлық жігін, мазмұны мен функциясын анықтаған іргелі еңбектер жазған. Қазақ қиял-ғажайып ертегілеріндегі жақсылық пен жамандық майдандасқанда жалмауыз кемпір, мыстан, жезтырнақ, албасты, марту, үббе, шайтан, пері, дию сияқты кейіпкерлер үнемі адамдарға қаскөйлік жасап, жұрттың зәресін ұшырумен болады. Үрей шақыратын фильмдер әр халық фольклорында кездесетін осындай кейіпкерлердің қастандық әрекетіне құрылған ертегі, аңыз әңгімелерден туындаған. Әуезовтің фильм туралы: «Көп ойда қалдырады», – деген сөзінің бір сыры осында деп білеміз.

ГАРВАРДТАҒЫ ҚАЗАҚ ПРОФЕССОРЫ

Мұхаң бастаған топ 12 наурыз күні түнделетіп Бостонға жетеді.

АҚШ-тағы аса үлкен ғылым, білім орталығы саналатын қалаға келген кеңестік жазушылар өзімізге әбден таныс, сол баяғы мистер Уикстің қамқорлығына көшеді. Ол өзімен бірге американдық жазушы Джон Маркингті ерте келіп, үшеуі қонақүйдің «ең жақсы ресторан залында 3 сағаттай әңгімелеседі». Әңгіме ауаны Америка әдебиеті мен драматургиясы төңірегінде өрбіп, біртіндеп әдеби байланыстарға қарай ауысыпты.

Американдық достармен бөтен көз, бөгде құлақ жоқ жерде ақтарыла айтылған әңгімеде КСРО әдебиеті мен орыс жазушыларын ғана емес, онымен терезесі тең тұрған өзге де халық өкілдері әдебиетін аудару керектігі жайлы мәселе көтеріліпті.

Қазақ жазушысы: «Біздің кітап жолы сіздерге тар. Әсіресе біздегі көпұлтты елдер әдебиеті сіздерде жоқ», – дей келіп, егер олар ағылшын тіліне аударылып, басыла қалған жағдайда: «Америка оқушысы сүйіп оқыр еді. Сүйтіп, Азияны Америка жағасынан открывать ету – жаңа американдарға ашу шарт», – деп аз ұлт әдебиеті өкілдерінің шығармаларын аудару екі жақ үшін де берері мол берекелі іс екендігіне ерекше екпін түсіреді.

Ертесінде жазушылар Уикс басқаратын журнал редакциясында болғаны жайында күнделік бетіне: «Атлантик монсли» басқармасында ұшырасу» деген қысқа сөйлем түскен. Осы тұста бұған дейін тек «Атлантик» деп жазылып келген журнал атауы неге бұлай өзгеріп кеткені туралы да аз-кем мағлұмат беріп өтейік.

Журнал алғаш ашылған 1857 жылы оның бастапқы атауы The Atlantic Monthly болған екен. Әуелгіде таза әдеби бағыт ұстаған басылым бірте-бірте контент аясын кеңейте түсіп, қоғамдық-саяси өмірдің алуан салаларын қамти бастайды. Онсыз да айына бір рет шығып тұратын журнал болғандықтан, (monthly – ай сайын деген мағынаны береді) 1932-1970 жылдарда оның атауы Atlantic деп ықшамдалған. Әуезов Америкаға барған жылдары «Атлантик» аталса да, былайғы жұрт оны бұрынғыдай «Атлантик монсли» деуін қоймаған.

Журнал қызметкерлері түгел қатысқан бұл кездесудің де емен-жарқын жағдайда өткенін күнделіктегі: «Қалжың-күлкі көп, әйелдері өте көркем, сыпайы», – деген жайдары жолдар дәлелдей түседі.

Әңгіме поэзия тақырыбына ауысып, Мұхаңнан да өлең оқуды сұрағанда ол: «Қараңғы түндені» орысша, қазақша оқып бердім», – деп жазады.

С. Щипачев ескі ғадетінше тек өзі білетін орыс ақындары туралы сөз қозғағанда Мұхаң кеше Уикспен болған өзге ұлт өкілдері әдебиетінің таңдаулы тұлғалары туралы әңгімеге тағы да өріс ашып: «мен Тычина, Самед Вургун, Ғафур Гулям, Зульфия төртеуін қоса атадым», – деп түркітілдес халық жазушылары шығармашылығына кеңінен тоқталыпты.

Берекелі әңгімеден кейін қонақтар Бостонның іргесіндегі серіктес қалалардың бірі Салемде болады. Осы тұста қаламгердің қағаберістегі сұлулықтың өзін қалт жібермейтін қырағылығына таңдана түсесің. Іргесін теңізшілер қалаған шағын қалашық туралы: «Салем тамаша, сұлу қала... Жалғыз этажды ең жайлы, гүлді, бақшалы, модерн стильдегі күншуақты қала жайлар. Мынау да күншуақты, бірақ екі қабат сәнқой, кербез. Өз заманындағы Голландия, Англия көркем, әсем қалаларымен тайталасқан», – деп оның әсем архитектуралық келбетін, қай елдің үлгісінен тамыр тартқанына дейін қолмен қойғандай етіп көз алдыңа әкеледі.


Ертесінде Кембридж қаласындағы 1200 қызметкері, 750 профессор, инженерлері бар «Артур де Литл инкорпорейтед» деп аталатын үлкен ғылыми мекеменің жұмысымен танысып, оның басшыларына алуан түрлі сұрақ қойыпты.

Әйгілі Гарвард университеті дәл осы Кембридж қаласында орналасқан. Кеңестік жазушылар оған да барған. Бұл туралы: «Гарвард университетінде кездесу басталды. Адам 40-50, көбі оқытушы болуы керек», – деп жазады.

Кездесу сұрақ-жауап форматында өрбіп, Брюсов, Горький шығармашылығынан басталып, Маяковский, Есениндермен жалғасып, сол тұста шет жұрттарда біршама танымал болған Юрий Олешаға дейін әңгіме болыпты. Профессор Әуезов орайы келгенде өзіне қойылған жақсы көретін американдық жазушы мен драматург туралы сұраққа: «Пьеса Артура Миллера, Сэлинджер «Ловец во ржи», – деп жауап беріпті.

Миллер туралы әңгіме түсінікті. Оның үйінде қонақта болып, екеуара жақсы сұхбат құрғаны жоғарыда айтылды, ал Джером Сэлинджердің жөні басқа. Ол бүгінгі күнге дейін атақ-даңқы дүрілдеп тұрған, есімі көзі тірісінде культке айналған американдық жазушы. Мұхаң неге оның кеңес оқырмандарына «Над пропастью во ржи» деген атпен кеңінен танылған романын «Ловец во ржи» деп атайды. Бір қарағанда, елеусіздеу көрінетін осы мәселеге де тоқталып өтсек артық бола қоймас.

Шекспирден бастап, Толстой, Чехов, Тургенев, Джек Лондонға дейінгі әлем классиктері шығармаларын келістіре аударған М. Әуезов бұл кезде орыс тіліне әлі тәржімаланбаған Сэлинджер романын «Ловец во ржи» деп жып-жинақы етіп аударуы романның түпнұсқадағы мағынасын дәлме-дәл береді. Сэлинджер романының ағылшынша аты – The catcher in the rye. Мұндағы catcher – «ловец», яғни «аулаушы» болса, «руе» – «рожь», яғни қарабидай. Мұхаң түпнұсқадағы екі жетекші сөздің өзін де, мағынасын да сақтап «Ловец во ржи» деп қысқа да нұсқа аударған.



Америка әдебиетінің классигі Джером Сэлинджер

Әйгілі роман Әуезов Америка сапарынан оралғаннан кейін «Над пропастью во ржи» деген атпен Р.Райт-Ковалева тәржімасымен орыс тілінде жарық көріп, «Иностранная литература» журналының 1960 жылғы 11-санында басылады. Орысша аудармада Сэлинджер айрықша акцент түсірген «аулаушы» сөзі түсіп қалып, оның орнын мағынасы күңгірттеу «жарқабақ» басқан. Нәтижесінде ұлы роман атауы бұлыңғыр тартып, орыс оқырманына бұлдырлау мағынада жетті.

Романдағы catcher сөзін автор жар басынан құлағандарды жай ғана «аулаушы» емес, «құтқарушы» деген мағынада қолданған. Ал жайқалған қарабидай егістігі қайғысыз балалық шақты меңзейді.

Автор балалық шақ егіс алқабындай құлпырып тұрады, ал «балалық кетті, білдің бе» деп Абай айтатын сәт келгенде кешегі көкөрім жас өзін тербелген егін шетіндегі жарқабақтың басында тұрғандай сезінеді. Автор балалық деген өмір белесінің жарқабағынан ұшқан бейқұнә балаларды жерге жеткізбей қағып алған ізгі жандарды catcher – аулаушы, яғни қауіп-қатерден «құтқарушы» есебінде бейнелеген.

Сэлинджерге роман атауы ақын Роберт Бернстің белгілі өлеңін өзінше оқығаннан кейін келсе керек, бірақ шотланд ақынының «Қарабидай алқабында жүргендер» өлеңінде балалық шақ орнына балауса махаббат алынған.

Кеңес заманында Сэлинджер романы тек «Над пропастью во ржи» деген атпен ғана басылып келді. Шетел әдебиетіне арналған барлық оқулықта осылай аталды. Кейін С.Махов оны «Обрыв на краю ржаного поля детства», ал М.Немцов «Ловец на хлебном поле» деп өзгеше аударғанымен, олардың ешқайсысы роман атауын Әуезовтей дәлме-дәл бере алған жоқ.

Осы тұста «Абай жолының» жаңадан қосылған тарауларын Мәскеуге келген сапарында өзі жеделдете орыс тіліне аударған Мұхаңның Сэлинджерді тәржімалаған бірде-бір орыс аудармашысы таба алмаған «Ловец во ржи» деп автор ойын дөп баса аударған шеберлігіне тағы да тәнті болмасқа әддің қалмайды.

Жазушылар қайтар тұста Біріккен Ұлттар Ұйымында қонақта болыпты. «Обед дал Кордье», – деп жазады Мұхаң.

Әуезов АҚШ-қа барған кезде БҰҰ бас хатшысы қызметін швед дипломаты Даг Хаммаршельд атқарыпты. Азаттыққа қол созған Африканың отаршылдықтан құтылуына зор еңбек сіңірген Д. Хаммаршельд туралы АҚШ Президенті Дж. Кеннеди: «біздің ғасырымыздың ұлы мемлекет қайраткері» деген лепес қалдырыпты. Сегіз жыл бойы абыроймен қызмет атқарып, Конгодағы азамат соғысын тоқтату мақсатымен осы елге келген сапарында қастандықпен өлтірілген Д. Хаммаршельдтің бейбітшілік жолындағы ұзақ жылдар бойы жүргізген еңбегі үшін оған 1961 жылы Нобель сыйлығы беріліпті.

Кеңестік делегация Америкаға келген кезде бас хатшы іссапарда болып, оның атынан жайылған дастарқанды белгілі американдық дипломат Эндрю Кордье жүргізіпті. Ұйым тарихына қатысты зерттеулерде есімі жиі аталатын ол 1946-1961 жылдарда көмекші, ал 1961-1962 жылдарда бас хатшының орынбасарлығына дейін өскен екен.

Саяси ұйым болған соң әңгіме ауаны негізінен революциялар мен көтерілістер, дін мен азаттық тақырыбында өрбісе де, әдебиет те қағыс қалмай, Шекспир, Данте, Брехт шығармашылығына дейін сөз болған.



Э. Кордье мен Д. Хаммаршельд

Біріккен Ұлттар Ұйымындағы кездесу – күнделіктердегі ең соңғы жазба. Онда кеменгер өмірінің кредосы іспеттес: «Бірауыз өлеңім бір жолы афоризм тәрізді. Добро, зло так долго существуют, потому что противоположны», – деген оқырманға әрнені ойлантатын орысша-қазақша екі ауыз сөз түсіпті.

Ұзақ сапардан шаршаған қаламгер қайтар жолда ұшақ бортында ештеңе жазбаған. Жазушының елге келген беттегі көңіл күйі жайлы Мұхаңмен ұзақ жылдар бойы жақын араласқан досы, оның шығармашылығы мен өмірбаянын зерттеуші, профессор Зоя Кедринаның «Аңызға айналған адам» атты естелігінде әдемі баяндалған.

Атлант мұхиты үстінен он бес сағат ұшқан алып лайнер Мәскеу әуежайына қонақтаған сәттегі Мұхаңның бейнесін: «Мұхтар Омарханұлы траппен ептеп түсіп келеді. Үстінде қоңыр пальто, қолында портфель, әдемі шляпасында жаңбыр тамшылары жылтырайды», – деп бастайды З. Кедрина. Ары қарай: «Жан-жақтан сұрақ жаңбырдай жауып жатыр. Мұхтар Омарханұлы жаны жайдары, сергек әзілдейді. «Біздің Құрама Штаттарда жүрісіміз өте шапшаң болды да, бізге жаңалық жетіп үлгермеді, жетсе де миымызға қона қойған жоқ», – деп жалғастырады келісті естелікті профессор ханым.

Мұхаң мұхиттың ар жағындағы алып елде берекелі кездесулер өткізіп, тілектес достар тапты. Гарвард бастаған Америка университеттері профессорларымен байсалды сұхбат құрды. Шығармашылығына шалқар шабыт беретін тың тақырыптарға өріс ашып, сергек көңілмен елге оралады. Мұхаңның сол сәттегі бірленген көңіл күйі жайлы: «Киевке жүретін Олесь Гончарға оң сапар тілеп машинаға қарай жүрді. Әрбір кездескен адамға жылы шырай танытып әзілдеумен болды. «Мен Христофор Колумбты Американдан гөрі Москва үстінде жақсырақ түсіндім. Жарық көрінген кезде мен «жер» деп айқай сала жаздадым», – деп жазады Кедрина қуаныш құнтағына бөленген кеменгер жайлы.

Америкаға Әуезовке дейін де талай жазушы барған. Солардың қатарында ұзақ жылдар кеңес әдебиетінің төрінде отырған әйгілі қаламгер Михаил Шолохов та болды. Ол Нобель сыйлығын алуынан алты жыл бұрын Хрущевтің 1959 жылғы сапарында делегация құрамында Американы армансыз аралаған. Сапар барысында енді ғана Сыртқы істер министрі қызметіне тағайындалған А.Громыко шығармаларын жас күнінен сүйсіне оқыған жазушының жанынан табылыпты. Ол өз мемуарында Шолоховтың Америка сапарынан алған әсері жайлы айтқан: «Не знаю, как в отношении высокой политики, которой занимаетесь вы, но что касается области культуры, то нам у американцев учиться нечему», – кеспелтек пікірін келтіреді (Громыко А. Памятное. Испытание временем, М., 2015, с. 488).

Апыр-ау дейсің осындайда амалсыздан. Қазақ кеменгері Американың әлемдік өркениетті байытқан театры, өнері, әдебиеті, ғылым-білімі, университеттері жайлы тамсана, төгілдіре жазса, орыстың керенау классигі «үйренетін дәнеңе жоқ» деп келте қайырады.

Сонда Шолохов америка әдебиетінің әлем таныған классиктері Марк Твен, Джек Лондон, Эдгар По, Уолт Уитмендерді былай қойғанда, өзімен замандас Нобель сыйлығының лауреаттары Уильям Фолкнер, Эрнест Хэмингуэй, Джон Стейнбек, сыйлықсыз-ақ әлем әдебиетінің классиктері ретінде танылған Скотт Фицджеральд, Джером Сэлинджер, Рэй Бредбери шығармаларынан іліп алар ештеңе таппағаны ма?! Мұның жауабын табуды Әуезовті «Шығыстың Шолоховы» дейтіндерге қалдырдық...

АЙМАҚ

5 ҚАРАША 2026 | БЕЙСЕНБІ

Еңбек нарығындағы сұраныс пен жұмыс берушілердің талаптары өзгерген сайын азаматтардың кәсіби біліктілігін арттыру, жаңа мамандықтарды меңгеруіне мүмкіндік жасау және тұрақты жұмыспен қамту мәселесі өзектілігін жоғалтпайды. Бұл ретте кәсіптік оқыту – жұмыссыздықты азайтуға ғана емес, еңбек ресурстарының сапасын арттыруға, азаматтардың экономикалық белсенділігін күшейтуге бағытталған маңызды тетік. Шымкент қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы таратқан мәліметке сәйкес биыл осы бағытта нақты жұмыстар жүргізіліп, Еңбек мобильділігі орталығы арқылы 610 жұмыссыз азамат кәсіптік оқытуға жолданған.

ЕҢБЕК НАРЫҒЫ ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛМАЙДЫ

Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

Оның ішінде 450 азамат білім беру ұйымдарында, ал 160 адам тікелей жұмыс орындарында кәсіби даярлықтан өтуге мүмкіндік алды. Мұндай тәсілдің маңызы зор. Өйткені білім беру ұйымдарындағы оқыту азаматтарға теориялық білім мен қажетті кәсіби дағдыларды меңгеруге жағдай жасаса, жұмыс орнында оқыту өндірістік үдерістермен танысып, нақты кәсіптің қыр-сырын тәжірибе жүзінде үйренуге мүмкіндік береді. Ең бастысы, оқыту мазмұны еңбек нарығының талабына сай ұйымдастырылып, азаматтардың кейін жұмысқа орналасуына жол ашуы қажет.



Кәсіптік даярлықты жұмыс берушілердің сұранысымен ұштастыру бағытында «Алем-БТ» ЖШС және Balabi Textile ЖШС кәсіпорындарымен де жұмыс жүргізілуде. Аталған кәсіпорындарда 70 азаматты «Тоқу машинасының операторы» мамандығы бойынша оқыту жоспарланған. Бұл – өндірістік кәсіпорындарға қажетті мамандар даярлауға және азаматтардың нақты кәсіп игеруіне бағытталған қадам. Әсіресе тоқыма өндірісі сияқты арнайы дағдыларды талап ететін салаларда теориялық біліммен қатар тәжірибелік машықтың болуы маңызды.

Шымкент қаласының индустриялық аймағында орналасқан «Алем-БТ» және Balabi Textile тоқыма фабрикаларында бүгінде 400-ге жуық азамат еңбек етеді. Кәсіпорындар білікті мамандарға деген сұранысты өтеу мақсатында Еңбек мобильділігі орталығымен бірлесіп, жұмыссыз азаматтарды кәсіби даярлау және тұрақты жұмыспен қамту бағытында жұмыс жүргізіп келеді. «Әлем» оқу орталығының директоры Ғалымжан Кибатов Шымкент қаласының Еңбек мобильділігі орталығының басшылығына қолдау көрсетіп, өзара тиімді ынтымақтастық орнатқаны үшін ризашылығын білдірді. Оның айтуынша, орталықтың көмегімен кәсіптік оқыту орталықтары ашылып, жыл сайын 50-ге жуық азаматты оқыту арқылы жұмыспен қамтуға мүмкіндік жасалған.

– Жұмыссыз азаматтарды өз мекемемізде бір ай теориялық білім алып, екі ай өндірістік тәжірибеден өтетіндей етіп оқытамыз. Қала шетіндегі индустриялық аймақта орналасқан кәсіпорындарға қатынауы үшін олардың жол мәселесін де ұйымдастырамыз. Оқу барысында азаматтар үш ай бойы стипендия алады. Курсты аяқтаған соң меңгерген мамандығы бойынша сертификат беріледі. Қазір фабрикаларымызда 500-ден астам автоматтандырылған технологиялық жабдық бар. Оларды тиімді басқара алатын білікті мамандарды Еңбек мобильділігі орталығымен бірлесіп даярлап жатырмыз. Бүгінде оқу орталығында 60-қа жуық азамат білім алуда. Оқу аяқталғаннан кейін оларды тиісті жұмыс орындарына орналастыруды жоспарлап отырмыз, – дейді Ғалымжан Кибатов.

Осы жылдың қазан айында 47 азамат кәсіптік оқу курсын толық аяқтап, тиісті сертификаттарын алды. Ал 19 адам түрлі себептерге байланысты оқудан шығарылды. Қазіргі уақытта оқуын аяқтаған 47 азаматты жұмысқа орналастыру бойынша тиісті жұмыстар жүргізілуде. Тағы 4 азамат кәсіптік оқуын жалғастырып жатыр. Бұл көрсеткіштер кәсіптік оқыту жұмысының бірнеше кезеңнен тұратынын аңғартады. Азаматтарды оқуға бағыттау, қажетті дағдыларды меңгерту, оқу нәтижесін растау және алған біліктілігіне сәйкес жұмысқа орналастыру. Сондықтан оқуды аяқтаған азаматтардың еңбек нарығына сәтті бейімделуі де атқарылып жатқан жұмыстың маңызды нәтижесі болмақ.

Жалпы, кәсіптік оқытудың тиімділігі тек курстан өткен адамдардың санымен өлшенбеуі керек. Оның негізгі нәтижесі азаматтардың тұрақты жұмысқа орналасуы, кәсіби біліктілігін іс жүзінде қолдануы және табыс табуға мүмкіндік алуы. Осы тұрғыдан алғанда, жұмыс берушілермен бірлесіп маман даярлау, оқыту бағдарламаларын нақты өндірістік қажеттіліктерге сәйкестендіру және курсты аяқтаған азаматтарды жұмысқа орналастыру барысын бақылау ерекше маңызға ие. Бұған қоса, кәсіптік оқытуға қатысушылардың оқуын аяқтауына кедергі келтіретін себептерді талдау да қажет. Бұл азаматтардың оқуын жалғастыруына қолдау көрсетуге, оқыту бағытын дұрыс таңдауға және бағдарламалардың нәтижелілігін арттыруға мүмкіндік береді. Ал жұмыс берушілер үшін мұндай жүйе бос жұмыс орындарына сырттан маман іздеуге кететін уақытты қысқартып, кәсіпорынның талабына сай кадр даярлауға жағдай жасайды.

Шымкент қаласында жүзеге асырылып жатқан кәсіптік оқыту шаралары жұмыссыз азаматтардың еңбек нарығына қайта қосылуына, сұранысқа ие мамандықтарды игеруіне және кәсіби мүмкіндіктерін кеңейтуіне бағытталған. Алдағы кезеңдегі басты міндет – оқуға жолданған азаматтардың алған білімін нақты жұмыспен ұштастырып, олардың тұрақты еңбекпен қамтылуына қол жеткізу. Өйткені әрбір азаматтың кәсіби әлеуетін іске асыруы – жеке әл-ауқатының ғана емес, қаланың экономикалық дамуының да маңызды шарты.

КӨШІРУДІҢ ҚАРБАЛАСЫ



Атырауда мұнай өңдеу зауытының санитарлық-қорғау аймағына кіретін тұрғын үйлерді мемлекет мұқтажына алу жұмыстары басталды. Қазір үйлестіру, жылжымайтын мүлікті бағалау және өтемақы төлеу тәртібін қарау үшін арнайы ведомствоаралық комиссия құрылған. Енді тұрғындарды көшіру жұмыстары заң талаптарына сәйкес жүргізіліп, әрбір меншік иесінің өтініші жеке қаралады. Жалпы, жоспар бойынша Атырау мұнай өңдеу зауыты санитарлық-қорғау аймағында орналасқан 120-ға жуық үйді көшіру жоспарланып отыр.

Баян ЖАНҰЗАҚОВА,
Атырау облысы

Атырау қаласы әкімдігінің мәліметінше, Атырау мұнай өңдеу зауытының санитарлық-қорғау аймағының шекарасы арнайы зерттеу нәтижесінде белгіленген. 22 қазанда Атырау қалалық әкімдігінің қаулысымен ведомствоаралық комиссия құрылды. Оның құрамына жергілікті атқарушы органдардың, зауыт өкілдері мен іргелес аумақтардағы тұрғындардың бастамашыл тобы кірді. Қазір әкімдік «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясымен бірлесіп, мемлекет мұқтажы үшін алынатын жер учаскелерінің меншік иелері мен пайдаланушыларының тізімін нақтылап жатыр. Комиссия тұрғындардың өтініштерін қабылдап, көшіру тәртібі мен шарттарын түсіндіреді. Сондай-ақ жылжымайтын мүлікті бағалау нәтижелерімен таныстырып, өтемақы мөлшеріне қатысты мәселелерді қарайды.

БАСТЫ МӘСЕЛЕ – ӘДІЛ ӨТЕМАҚЫ

Кез келген отбасы үшін баспанадан айырылу немесе тұрғылықты жерін ауыстыру оңай шешім емес. Сондықтан бұл жағдайда өтемақының әділ бағалануы, төлем мерзімі мен меншік иелерінің құқықтары ерекше маңызға ие екені айтпаса да түсінікті. Мәселен, зауыт маңында тұратын тұрғындар үшін ең алдымен баспананың нақты құны қалай анықталатыны және ұсынылған өтемақымен келіспеген жағдайда қандай құқықтық тетіктерді пайдалана алатыны маңызды.

– Біз үшін ең бастысы – отбасымыздың қауіпсіздігі. Егер көшіру туралы шешім қабылданса, оның барлық шарты ашық түсіндіріліп, өтемақы әділ төленгенін қалаймыз. Әр үйдің жағдайы әртүрлі. Сондықтан баспананы бағалау кезінде оның нақты нарықтық құны ескерілуі керек. Ұсынылған сомаға келіспеген жағдайда өз құқығымызды қорғауға мүмкіндік болғаны да маңызды, – дейді зауыт маңындағы тұрғындар.

Әкімдік қараша айының ортасында зауытқа іргелес аумақ тұрғындарымен арнайы кездесу өткізуді жоспарлап отыр. Жиында тұрғындардың сауалдарына жауап беріліп, көшіру жұмыстарының аралық нәтижелері таныстырылады. Ал алынатын жылжымайтын мүлік нысандарының түпкілікті тізімі заңды рәсімдер аяқталғаннан кейін жарияланады.

Экологиялық қауіпсіздік тұрғысынан санитарлық-қорғау аймағы өндірістік кәсіпорын мен тұрғын үй аумағының арасындағы қауіпсіздік белдеуі саналады. Оның негізгі мақсаты – өндірістік нысанның қоршаған ортаға әсерін ескере отырып, халықтың өмірі мен денсаулығын қорғау. Эколог Нұргүл Маратованың айтуынша, санитарлық-қорғау аймағы жай ғана белгіленген шекара емес.

– Ол өндірістік кәсіпорынның қоршаған ортаға ықтимал әсерін ескеріп, тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Мұндай аумақтың көлемі кәсіпорынның ерекшелігіне, атмосфераға таралатын заттарға және жүргізілген зерттеулердің нәтижесіне қарай анықталады. Сондықтан бір жылдық зерттеу қорытындыларының негізінде қабылданған шешімдер ғылыми тұрғыдан түсіндіріліп, қоғамға ашық ұсынылуы керек, – дейді ол.

АУА САПАСЫ АЛАҢДАТАДЫ

Қазір зауыттың экологиялық жауапкершілігін арттыру бағытында тағы бір бастама қолға алынып отыр. АМӨЗ-де «Ашық аспан» жобасы іске қосылып, автоматты мониторинг стансаларынан алынған атмосфералық ауа сапасы туралы мәліметтерді «Қазгидрометке» тікелей жіберу жүйесі әзірленді.

Зауыттың баспасөз қызметінің хабарлауынша, ECO-WEB платформасы арқылы деректер әр 20 минут сайын беріліп отырады. Қазір жүйені баптау және «Қазгидромет» мамандарымен бірлесіп сынақтан өткізу жұмыстары жүргізілуде. Бұл бастама экологиялық мониторингтің ашықтығын арттыруға бағытталған. Дегенмен тұрғындар үшін деректерді тек мемлекеттік органға жіберу ғана емес, оның нәтижелерінің қоғамға қолжетімді болуы да маңызды.

Атыраудағы бастамалардың түпкі мақсаты – өндірістік қауіпсіздік пен тұрғындардың мүддесін қатар қамтамасыз ету. Endігі мәселе – көшіру процесінің ашық жүргізілуі, өтемақының әділ белгіленуі және экологиялық бақылау нәтижелерінің қолжетімді болуы. Өйткені бұл – бір ғана кәсіпорынның немесе жекелеген тұрғындардың мәселесі емес, тұтас қаланың экологиялық қауіпсіздігіне қатысты маңызды шешім.

Шынын айту керек, АМӨЗ маңындағы тұрғындарды көшіру мәселесі кейінгі жылдары қаладағы экологиялық жағдайға қатысты жиі көтерілген шағымдармен де байланысты. Тұрғындар ауа сапасына, жағымсыз иіске және өндіріс орындарынан шығатын қалдықтарға қайта-қайта наразылық білдіріп келеді.

Биыл ақпанда Атырау мұнай өңдеу зауытына санитариялық талаптарды бұзғаны үшін 6 млн 920 мың теңге айыппұл салынды. Кәсіпорын бұл шешіммен келіспей, сотқа шағым түсірген. Ал, наурыз айында экологиялық талаптарды бұзғаны үшін зауытқа 520 млн теңгеден астам айыппұл салынғаны хабарланды. Тексеру барысында атмосфераға шығарылатын зиянды заттар нормативтерінің асып кетуі, рұқсатсыз сарқынды су төгу және апаттық жағдай туралы уақытылы хабарламау деректері анықталған.

Қазан айында тұрғындардың ауа сапасына қатысты жаппай шағымдарынан кейін жүргізілген кезектен тыс тексеру де бірқатар заңбұзушылықты анықтады. Атап айтқанда, кейбір өндірістік қондырғылар бойынша шығарындылар есебі мен рұқсат етілген нормативтер болмаған. Сонымен қатар көміртек тотығы мен азот оксидтері бойынша белгіленген көрсеткіштердің асып кеткені тіркелген. 25 тамыз бен 2-7 қыркүйек аралығындағы апаттық жағдайлар кезінде алауда 100 тоннадан астам газ жағылған. Тексеру қорытындысы бойынша әкімшілік істер қозғалып, материалдар сотқа жолданды. Бұл істер бойынша түпкілікті шешімді сот қабылдайды.

Сайып келгенде, осы жағдайлар зауыт маңындағы экологиялық қауіпсіздік пен тұрғындардың өмір сүру ортасына қатысты мәселені қайта күн тәртібіне шығарды. Дегенмен зауыт маңындағы үйлерді көшіру Атыраудың экологиялық жағдайын жақсартып жібере ала ма? Бұл енді басқа мәселе.

ҚАУІПСІЗДІККЕ ҚАТЫСТЫ ҚАЙШЫЛЫҚ КӨП

Қызылордалықтар өткен қазан айында қаралы хабардан көз ашпады. Оның ішінде бала өліміне әкеп соқтырған екі қайғылы оқиға бар. Бірі қаланың орталық алаңындағы жасөспірімнің өлімі болса, екіншісі – жол-көлік оқиғасы салдарынан болған бес айлық сәбидің қазасы. Бұл жағдай өңірдегі қауіпсіздік мәселесін қайтадан күн тәртібіне шығарып отыр.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

21 қазанда Қызылорданың орталық алаңында болған жанжал көптің жағасын ұстатты. Бұл күні екі тарап арасындағы келіспеушіліктің соңы 14 жастағы жасөспірімнің ауыр қазасымен аяқталды. Осы орайда «орталық алаңда бейкүнә балғынды бақылыққа аттандыратындай не жағдай болды?» деген сұрақ туындауы заңдылық.

Мәселенің мәніне үңілсек, Қызылорда қаласындағы Тұрар Рысқұлов атындағы №222 мектептің 9-сынып оқушысы Нұрислам Раушанбек сабақтан тыс уақытта анасына көмектесіп, орталық алаңда ойыншық көліктерді жалға беріп, отбасына қолғабыс етіп жүреді. Маркұмның анасының айтуынша, сол күні ойыншық көліктерді жалға беретін екі кәсіпкердің қолында жұмыс істейтін балалар су бұрқағының маңында клиентке таласып, жанжалдасып қалады. Жанжал кезінде қарсы тараптың бір баласы Нұрисламның жағасынан алады. Оған анасы араша болған.

Арада бір сағаттай уақыт өткенде орталық алаңдағы ойыншық көліктердің маңында анасы ұлын іздеп, дауыстап шақырған. Сол сәтте қараңғыдан теңселіп тұрған біреудің сұлбасын байқайды. Артынша бала шалқасынан құлайды. Кейіннен қарсы тараптың 13 жасар ұлы Нұрисламның жүрек тұсынан бұрағышпен соққы жасағаны белгілі болады. Дереу жедел жәрдем шақырып, ауруханаға жеткізілгенімен, жасөспірімді аман алып қалу мүмкін болмапты.

Анасының айтуынша, оқиға орнында ойыншық көліктерді жалға беруші кәсіпкер де болған. Бірақ ешбірі жедел жәрдемді шақыруға асықпай, уақытты өткізіп алғанға ұқсайды. Ең қиыны, жанжал 1000 теңгеге таластан туындаса керек. Мұның соңы тұтас отбасының қайғысына айналды. Осы оқиғадан кейін 14 жастағы жасөспірімнің өліміне кінәлі 13 жастағы бала қамауға алынып, қылмыстық іс қозғалғаны жөнінде ақпарат тарады. Алайда маркұмның туыстары мен көпшіліктің көкейінде күмәнді сұрақтар сейілмей тұр. Соған орай Қызылорда облыстық Полиция департаментінен мәселенің мән-жайын сұрап көрдік.

– Кәмелетке толмаған баланың абайсызда өліміне әкеп соққан қасақана ауыр дене жарақатын келтіру дерегі бойынша қылмыстық іс қозғалды. Күдікті облыстық Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығына орналастырылды. Сондай-ақ тергеу аясында кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамау дерегі бойынша қылмыстық іс тіркелді. Қылмыстық істі тергеу барысы Полиция департаменті басшылығының ерекше бақылауына алынды. Қылмыстық-процестік кодекстің 201-бабына сәйкес өзге ақпарат жарияланбайды, – деп қысқа қайырды Қызылорда облыстық Полиция департаментінің өкілдері.

Дегенмен бұл өңірдегі балаға қатысты жалғыз қайғылы оқиға емес. Одан сәл ертерек, 13 қазанда қала көшелерінің бірінде анасы мен бес айлық сәбиін көлік қағып кеткені туралы хабар тараған еді. Мәліметке сәйкес, Mitsubishi Lancer автокөлігінің жүргізушісі алаңсыз келе жатқан бес айлық баласы бар ананы қағып, оқиға орнынан кетіп қалған. Салдарынан сәби көз жұмып, 26 жастағы анасы ауыр жарақат алды. Қайғылы оқиғаның салдары мұнымен шектелген жоқ. Анасы жедел жәрдеммен ауруханаға жеткізіліп, жансақтау бөлімінде ем қабылдап жатыр. Кейбір мәліметтерге сәйкес, оның басынан ауыр жарақат алғаны, бірнеше қабырғасы мен жамбас сүйегі сынғаны айтылады.

Ал қылмыс орнынан ізін суытқан жүргізушінің 2000 жылы туған Алексей Великов екені анықталып, күдіктіге қатысты соттың күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасы қабылданғанымен, әлі күнге дейін іздеп таба алмай жатыр. Тіпті күдіктінің тұрған жері туралы мәлімет берген адамға қомақты ақшалай сыйақы тағайындалғаны мәлім. Алайда ізін жасырып үлгерген көлік жүргізушісіне қатысты дерек болар емес. Бес айлық сәбидің өліміне әкелген жол апаты қоғамда көптеген сұрақ туғызды. Әсіресе оқиға орнынан кетіп қалған жүргізушінің іздестірілуі тұрғындардың күмәнді ойларға жетелеп тұр.

– Жол-көлік оқиғасына қатысы бар күдіктіге іздеу жарияланды. Тергеу сотымен күдіктіні қамауға алу санкцияланды. Күдіктінің жүрген жерін анықтау мақсатында Полиция департаментінің жеке құрамына бағдар берілді, барлық күштер мен құралдар жұмылдырылды. Тергеу барысы ерекше бақылауда, – деп түйіндірді бұл жайында Қызылорда ПД баспасөз қызметі.

Қызылордада соңғы апталарда қос баланың қазасына себеп болған бұл екі қайғылы оқиға қоғамның қабырғасын қайыстырып кетті. Халық қылмысты тергеу жұмыстарының әділ жүргізілуін және кінәлілер лайықты жазалануын талап етіп отыр.

Әсіресе орталық алаңда болған соңғы қаралы хабарға байланысты тұрғылықты халықты толғандырған сауал көп. Бұған дейін орталық алаңды сауда орнына айналдырып, ойыншық көліктерді жалға беріп жүрген кәсіпкерлердің әрекетіне жергілікті жұртшылық қарсылықтарын білдірген болатын. Сол уақытта қала әкімдігі тарапынан кәсіпкерлердің басқа аумаққа көшірілетіні жайлы уәждер де айтылған еді. Бірақ уәде құрғақ сөз күйінде қалып, нақты нәтиже көрсетпеді. Ақыры, мұның соңы қайғылы жағдайға әкеп соқтырды.

Бірнеше жыл бойына орталық алаңды ойын алаңына айналдырғандардың әрекетіне неге тосқауыл қойылмағаны беймәлім. Сонда «қаланың басты орталық алаңы кімнің меншігі?» деген сауал көпті әлі мазалайды.

Екіншіден, бұл оқиға қоғамдық орындарда, көшеде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстары кемшін екенін айқындап бергендей болды. «Қылмыс пен жол апатынан кейін жауапты органдар қандай шара қабылдап жатыр? Келешекте осындай қайғылы оқиғалардың алдын алу үшін не істелуі керек?» деген жауапсыз сұрақтар қара халықты әлі де мазалап жүр.

Қазір қоғам үшін алғашқы оқиға бойынша іздестіру жұмыстарының нәтижесі маңызды. Күдікті ұсталды ма? Аталған іс бойынша қандай жаңа деректер анықталды? Зардап шеккен ананың қазіргі жағдайы қалай? Бүгінде жергілікті жұртшылық осы сауалдарға жауап күтеді.

Әйтеуір, қайғылы оқиғалардың шығу себебі мен салдары аймақ басшысының назарына ілікті. Жуырда бұл мәселе облыс әкімі Мұрат Ергешбаевтың төрағалығымен өткен аймақтағы қоғамдық-саяси ахуал, қауіпсіздік мәселелері талқынған мәжілісте қозғалды. Бірқатар лауазымды тұлғаға қатаң сөгіс пен ескерту жасалды.

Алдағы уақытта қала көшелері мен қоғамдық орындарда тұрғындардың, әсіресе балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге баса назар аударылса деген көптің тілегі бар. Яғни мұндай жағдайлардан кейін тек кінәліні іздеумен шектелмей, алдын алу мәселесіне де баса назар аудару қажеттігі өздігінен сұранып тұр. Бір сөзбен айтқанда, бала қауіпсіздігі тек қайғылы жағдайдан кейін ескерілетін мәселе болмауы керек. Ең бастысы, халық кінәлілердің әділ жазалануын тілеп отыр.

САУДА-САТТЫҚ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ (бұдан әрі – Компания) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 24 қазандағы №894 «Квазимемлекеттік сектор субъектілері мен мемлекеттік меншік объектілерін оңтайландырудың кейбір мәселелері туралы» қаулысын орындау мақсатында «Қазтехнология» АҚ 100% жай акциялар пакетін (сауда-саттық №472407), С.М. Киров атындағы завод» АҚ 100% жай акциялар пакетін (сауда-саттық №472414), «Гидроприбор» ҒЗИ» АҚ 100% жай акциялар пакетін (сауда-саттық №472405), «С.М. Киров атындағы машина жасау зауыты» АҚ 100% жай акциялар пакетін (сауда-саттық №472398), «Семей инжиниринг» АҚ 100% жай акциялар пакетін (сауда-саттық №472867), «Қазақстан инжиниринг R&D орталығы» ЖШС жарғылық капиталындағы Компанияның 100% қатысу үлесін (сауда-саттық №472406) (бұдан әрі – Активтер) сату бойынша электрондық конкурстар өткізілетінін хабарлайды. Өтінімдерді ашу www.e-qazyna.kz мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында 2026 жылғы 27 қарашада сағат 11:00-де (Астана уақыты бойынша) басталады. Барлық мүдделі тұлғалар Активтердің құнымен және оларды іске асыру жөніндегі электрондық конкурстардың шарттарымен, сондай-ақ Активтер бойынша өзге де қосымша ақпаратпен www.e-qazyna.kz веб-порталында немесе +7 (7172) 55-29-81 («АЕО» АҚ) немесе +7 (7172) 72 52 52 (ішкі 1112, 1957, 1954) (Компания) телефондары арқылы таныса алады.

Активтер туралы қосымша ақпаратпен және жоғарыда аталған кәсіпорындардың қызметімен «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ (Сатушы) мекенжайына: ke@ke.kz, keprivatization@ke.kz электрондық пошталары арқылы ресми сұрау жіберу арқылы таныса аласыз. Сұрау электрондық конкурстарға өтінімдерді қабылдау мерзімі ішінде қабылданады. Ақпарат құпиялылық туралы келісімге қол қою шартымен беріледі.

Өнердің ЖАҢА ӨРІСІ

Заман көшіне ілескен сайын адамзаттың тұрмыс-тіршілігі ғана емес, таным-түсінігі мен талғамы да түрленіп келеді. Кешегі көз үйренген өнердің бүгінгі бейнесі бөлек, оны көпшілікке ұсынудың мүмкіндігі де әлдеқайда кең. Бұрын қылқалам мен домбыраның үні арқылы ғана көңілге жол тапқан шығармашылық бүгінде цифрлық технологияның көмегімен жаңа сипатқа ие болуда. Жасанды интеллект пен заманауи техниканың өнер әлеміне дендеп енуі де осы өзгерістің айқын көрінісі.



Мемлекет басшысы биылғы Қазақстан халқына Жолдауында цифрлық экономиканы дамытуға креативті индустрияның да белсенді атсалысуы қажеттігін атап өтті. «Үкімет, ұлттық компаниялар, креативті индустрия секторы осы үдеріске белсенді атсалысуға тиіс», – деді Президент. Расында, технологияның мүмкіндігін тиімді пайдалану мәдениет саласына да тың серпін беріп, ұлттық өнерді жаңа қырынан танытуға жол ашып отыр. Соңғы күндері еліміздің әр өңірінде өтіп жатқан мәдени шараларға көз жүгіртсек, дәстүр мен жаңашылдықтың өзара сабақтасып, өнердің жаңа тынысы ашылып келе жатқанын аңғарамыз.

САХНА ТӨРІНДЕГІ РОБОТ-ҚУЫРШАҚ

Қуыршақ театры десе, көбіміздің көз алдымызға жіпке байланған немесе қолмен басқарылатын кейіпкерлер елестейтіні рас. Алайда бүгінгі технология өнердің бұл түріне де тың өзгеріс әкеліп отыр. Алматыда өткен IV халықаралық «Almaty Puppet Festival – 2026» фестивалінде көрермен назарына ұсынылған робот-қуыршақ осының айқын дәлелі болды.

Бұл халықаралық басқосуға 11 елден 14 театр ұжымы қатысып, 150-ден астам қуыршақ өнерінің шебері бас қосты. Фестиваль аясында театр мамандары тәжірибе алмасып қана қоймай, қуыршақ өнерінің бүгінгі мүмкіндіктерін де ортаға салды. Соның ішінде робот-қуыршақтың сахнаға шығуы дәстүрлі өнер мен заманауи технологияның тоғысуына жол ашты.

Бұл жаңалық қуыршақ театрының бұрынғы болмысынан бас тарту емес, керісінше, оның көркемдік мүмкіндігін кеңейтуге жасалған қадам. Өйткені өнердің ғұмыры заман өзгерісіне ілесіп, жаңа көрерменге жаңа тіл таба білгенде ұзара түседі. Робот-қуыршақ та сахнадағы сол ізденістің бір көрінісі.

ЗАМАНЫМНЫҢ ҮНІСІҢ СЕН – ДОМБЫРА

Ал ұлттық музыка әлемінде жаңашылдықтың өзіндік өрнегі байқалды. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрі 93-концерт маусымы аясында

> *Мұндай бастаманың мәні – жас буынға ұлттық аспаптардың үнін өзгеше қырынан танытып, төл өнердің тынысын кеңейту. Өйткені домбыраның үні – тек өткен күннің естелігі емес, бүгінгі ұрпақтың да жүрегіне жол таба алатын рухани қазына.*

Qurmangazy: Next Cover Concert жобасын ұсынды. Көпшілікке таныс заманауи әуендер бұл жолы домбыра мен өзге де халық аспаптарының сүйемелдеуімен орындалды. Қазақстандық әншілер де қатысқан концертте дәстүрлі музыка мен бүгінгі музыкалық бағыттар бір сахнада тоғысты.

Мұндай бастаманың мәні – жас буынға ұлттық аспаптардың үнін өзгеше қырынан танытып, төл өнердің тынысын кеңейту. Өйткені домбыраның үні – тек өткен күннің естелігі емес, бүгінгі ұрпақтың да жүрегіне жол таба алатын рухани қазына.

ФРАНЦУЗ ӨНЕРІНЕ ВИРТУАЛДЫ САЯХАТ

Қарағанды облыстық бейнелеу өнері музейінде ашылған «Цифрлық күз – 2026» фестивалі дәстүрлі көрме түсінігін жаңаша қалыптастырып отыр. Францияның жетекші цифрлық студиялары әзірлеген 13 иммерсивті туынды VR және AR технологиялары арқылы ұсынылған. Көрермен енді картинаны сырттай тамашалап қана қоймай, виртуалды кеңістікке еніп, өнер туындысының ортасында жүргендей әсер алады.

Фестиваль аясында Нотр-Дам соборының көрінісін тамашалап, Клод Моненің «Су лалагүлдері» әлеміне енуге, әйгілі «Мона Лиза» туындысын өзгеше қырынан сезінуге мүмкіндік бар. Жобаны Франция елшілігі мен Француз институты Француз альянсының қолдауымен ұйымдастырған. Бұл бастама 2022 жылдан бері өткізіліп келеді. Қарағандыдағы көрме 10 қарашаға дейін жалғасады.

Мұндай тәжірибе өнерді қабылдаудың жаңа жолын ашып отыр. Бұрын көрермен туындыға сырттай баға берсе, енді оның кеңістігіне еніп, өзін сол шығарманың бір бөлшегіндей сезіне алады. Технология мұнда өнердің орнын баспайды, керісінше, оның әсерін күшейтетін құралға айналады.

ӨНЕРГЕ ШЕКТЕУ ЖОҚ

Қарағанды облыстық бейнелеу өнері музейінде «Өмір шуағы» атты көрме ашылады. Экспозицияға көзі көрмейтін және көру қабілеті төмен суретшілер мен ақындардың шығармалары қойылып, олардың өнер туындылары көпшілік назарына ұсынылмақ.

Көрменің ерекшелігі – сурет пен өлеңнің өзара үндесуінде. Авторлар қоршаған ортаның сұлулығын, туған жердің көрінісін, көңіл күй мен ішкі сезімді өз шығармалары арқылы жеткізеді. Кейбір картиналар өлең жолдарымен толықтырылып, көрерменге туындыны бірнеше қырынан тануға мүмкіндік береді.

Көзбен көре алмау өнерді сезінуге кедергі емес екенін осындай шығармалар дәлелдейді. Кейде адам айналасындағы дүниені жанарымен емес, жүрегімен танып жатады. Ал өнер сол сезімді өзгеге жеткізудің бір жолы. «Өмір шуағы» көрмесі де шығармашылыққа қабілет пен шабыттың қажет екенін, ал оған жол ашу үшін адамға мүмкіндік беру керектігін еске салады.

МУЗЫКА МЕН СУРЕТ БІР АРНАДА

Алматыдағы Әбілхан Қастеев атындағы Ұлттық өнер музейі 11 қарашада «Дыбыстар – суретшілер көзімен» атты көрмені көпшілікке ұсынбақ. Қазақстан Тәуелсіздігінің 35 жылдығына арналған жоба музыка мен бейнелеу өнерінің байланысын танытуға бағытталған.

Экспозицияға композиторлар мен ақындарға арналған, музыкалық шығармалардан шабыт алған кескіндеме, графика, мүсін және сәндік-қолданбалы өнер туындылары қойылады. Көрменің басты ерекшелігі – интерактивті форматында. Әр туындының жанына орналастырылған QR-кодты смартфонмен сканерлеу арқылы көрермен суретшіні шабыттандырған музыканы тыңдай алады. Сонымен қатар шығармада бейнеленген тұлғалар туралы мәліметпен танысуға мүмкіндік бар.

Сөйтіп, көрермен суретті көріп қана қоймай, оның әуенін де тыңдайды. Бір қарағанда бөлек-бөлек өнер түрлері секілді көрінген музыка мен бейнелеу өнері осылайша ортақ сезімге ұласады.

ШЕКАРАСЫЗ ӨНЕР

Өнердің тілі ортақ деген сөздің жаны бар. Қай елде дүниеге келсе де, шынайы туынды көрерменнің жүрегіне жол таба алады. Алматыдағы Әбілхан Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық өнер музейінде ашылған «Жібек жолының шексіз бұлттары. «Бір белдеу, бір жол»: Алматы бекеті» көрмесі де осы ойды аңғартады.

Көрмеге Қазақстан мен Қытай суретшілерінің туындылары қойылған. Жібек жолының тарихи мұрасын, Шығыс пен Батыс мәдениетінің байланысын арқау еткен шығармалар екі елдің өнер иелеріне ортақ тақырыптарды әр қырынан танытады. Бірі тарих пен дәстүрге үңілсе, енді бірі бүгінгі қоғамның тынысын, заманауи адамның ойтолғанысын бейнелейді.

Бір қызығы, бұл көрме Алматыға дейін Тегеран мен Ташкент қалаларында да көпшілік назарына ұсынылған. Демек, туындының жолы суретшінің шеберханасымен шектелмейді. Ол елден елге өтіп, жаңа көрерменмен қауышып, әр ортада өзінше сөйлейді.

Мұндай мәдени байланыстардың маңызы да осында. Өнер арқылы халықтар бір-бірінің тарихын танып, дүниетанымына жақындай түседі. Ал ортақ көрмелер шығармашылық тәжірибе алмасуға, жаңа идеялардың туына мүмкіндік береді. Жібек жолы кезінде сауда мен өркениетті жалғаса, бүгін өнер мен мәдениеттің алтын көпіріне айналып отыр.

Бұдан біз өнердің өзгермейтін өзегі сақталғанымен, оны жеткізудің жолы жаңарып келе жатқанын аңғарамыз. Дегенмен технология қанша жерден дамыса да, өнердің басты өлшемі – адамға әсер ету, жүрекке жету. Ендеше жаңашылдықтың жөні өткеннің өнегесін өшірмей, келешектің көкжиегін кеңейту болса керек.



ОҚУҒА ҚҰШТАР ҰЛТ ОЗАДЫ

Астанада Мәдениет және ақпарат министрі Арман Қырықбаев жастармен және креативті индустрия өкілдерімен кездесті. Жиында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы мен негізгі бастамалары сөз болды. Сонымен қатар министр Президенттің кітап оқитын ұлт қалыптастыру бағытындағы бастамасына арнайы тоқталды.

Жиынға жас кәсіпкерлер, дизайнерлер, музыканттар, режиссерлер, продюсерлер, блогерлер, журналистер, ғалымдар, зерттеушілер мен спортшылар қатысты. Сондай-ақ «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаттары, «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантының иегерлері, жастар ұйымдары мен волонтерлік қозғалыс көшбасшылары және студенттер жиналды.

Министр Жолдауда айқындалған негізгі міндеттерге кеңінен тоқталып, мемлекеттік жастар саясатының басым бағыттарын атап өтті. Іс-шарада шығармашыл жастарды қолдау, оларға білім беру, кәсіби білігін жетілдіру, цифрландыру, жасанды интеллект және креативті индустрияларды дамыту мәселелері талқыланды. Мемлекеттік саясаттың бұл маңызды бағыттары Мемлекет басшысының Жолдауында да қамтылған.

«Мемлекет басшысының биылғы Жолдауы – еліміздің алдағы даму бағдарын айқындайтын, жаңа міндеттер мен мүмкіндіктерді белгілейтін маңызды стратегиялық құжат. Президент келер ұрпаққа қуатты экономика мен дамыған технологиялары бар мемлекет қалдыру міндетін атап өтті. Бұл жастарға жасалып жатқан мүмкіндіктермен қатар олардың ел болашағы алдындағы жауапкершілігін де айқындайды», – деді Арман Қырықбаев.

Министр білімді, ой-өрісі кең ұрпақ тәрбиелеудің және кітап оқу мәдениетін қалыптастырудың маңызын айтты. Өз сөзінде ол Мемлекет басшысының кітап оқитын ұлт қалыптастыру бағытындағы бастамасына арнайы тоқталды. Осы бағытта 2026 жылғы 1 қыркүйектен бастап «Кітап оқитын ұлт» республикалық марафоны өтіп жатыр.

Арман Қырықбаев мемлекеттік қолдау шаралары жастардың өз бастамаларын қолға алып, кәсіби білігін жетілдіруіне мүмкіндік беретінін жеткізді. Атап айтқанда, «Тәуелсіздік ұрпақтары» гранты аясында жыл сайын 30 жасқа 3 миллион теңгеден қаржылай қолдау көрсетіледі.



Кездесуде жастардың экономиканың жаңа бағыттарында өз орнын табу мүмкіндіктеріне де ерекше көңіл бөлінді. Министр цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект экономиканың барлық дерлік саласын, соның ішінде мәдениет пен ақпарат саласын дамытудың маңызды құралдарына айналып келе жатқанын айрықша атап өтті.

Жиында креативті экономиканы дамыту мәселесі де жеке қаралды. Бүгінде еліміздің барлық 20 өңірінде жас таланттардың қабілетін ашуға, өз жобаларын бастауға және отандық өнімдерді танытуға жағдай жасайтын креативті хабтар жұмыс істейді.

Қатысушылар ұлттық мәдениетті дамыту, отандық авторларды қолдау, қоғамдық құндылықтарды нығайту және жаңа әдеп қағидаларын қалыптастыру жөнінде пікір алмасты. Осы орайда жауапкершілік, адалдық, заңға құрмет және қоршаған ортаға ұқыпты түрде қарау мәдениетін орнықтыруға бағытталған «Адал азамат», «Заң мен тәртіп» және «Таза Қазақстан» қағидаттары сөз болды.

Министр қоғамдағы өзгерістерге жастардың қатысуы маңызды екенін ескертті. Оның айтуынша, заманауи білім мен технологияларды меңгеру қабілеті ұлттық құндылықтарға адалдықпен, жауапкершілікпен және белсенді азаматтық ұстанымен ұштасуға тиіс.

Жастар Мемлекет басшысының бастамаларын қолдайтынын білдіріп, оларды орындау мақсатында белсенді қатысуға, елдің дамуына және қоғамдағы оң өзгерістерге үлес қосуға дайын екенін жеткізді.

Кездесу ашық диалог түрінде жалғасты. Жастар министрге өз сауалын қойып, бірқатар бастамасын ұсынды. Сонымен қатар ел алдындағы маңызды міндеттерді атқарудағы жастардың рөлі сөз болды.

Бетті дайындаған Әмина МҰХАНБЕТ

AMANAT MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ – Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ – Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы
Эльмира ЖҰРСІНБЕККЫЗЫ – Абай облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді

ЖАЛПЫ ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4810
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ»АҚ Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді

(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
• «Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор – Тілекгүл ЕСДӘУЛЕТ